# АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

*Жаннан қымбат оларға ар,*
*Мен жастарға сенемін.*
**Мағжан**

№ 22 (455)
2 маусым, 2022 жыл




## КӨК ТУДЫҢ ҚАСИЕТІН ҰҚТЫРҒАН

**Шетелге шықсақ патриоттығымыз артып, елге деген сағыныш нығая түседі. Әрине, бүгінде қызмет пен білім қуып, Қазақстаннан жырақтағандардың саны едәуір артып келеді. Мысалы, ресми деректерге сүйенсек, Ресейде – 69 мың, Қытайда – 17,6 мың, Оңтүстік Кореяда – 1,6 мың, Ұлыбританияда мыңға жуық қазақстандық студент бар екен. Ал жұмыс бабымен жүргендердің саны бұл көрсеткіштен едәуір көп. Рәміздер күні қарсаңында өзге елде жүрген қазақстандықтармен байланысқа шығып, туған жерге деген сағынышын білдік.**

7 жыл бұрын work and travel бағдарламасымен Америкаға бағыт алған Қуаныш Далиев бүгінде Чикагоның тұрғыны. Қуаныш Америкада жүрсе де қазақтың салт дәстүрі мен әдет ғұрпын санасынан жоғалтқан емес.

– Америка көп ұлттың жиынтығынан құралғандықтан бізді де жатсынбады. Көзді ашып жұмғанша 7 жыл уақытым осы елде өтіп кетіпті. Студенттік бағдарламамен келіп, осында тұрақтап қалдым. Жұмыс істеуге қолайлы және еңбегіне сай жалақысы да көңілге қонымды. Қанша дегенмен өз еліңді, туған жеріңді сағынасың. Мұнда қазақстандықтардың саны өте көп. Бір ғана мен тұратын Чикаго штатында 60-тан аса қазақ отбасы тұрады. Бөтен елде жүрсек те ауызбіршілігіміз мығым. Қазақстанның құнды мерекелерінде жиі бас қосып тұрамыз. Мысалы, Тәуелсіздік және наурыз мерекесін Америкаға келгелі тойлап келеміз. Жақында жерлестермен бас қосып, «Қазақ центр» атауымен орталық құрдық. Орталықтың мақсаты – АҚШ-тағы қазақтардың басын қосып, ұлттық сананы өшірмеу. Барлығы бір штатқа бірікпейтін болғандықтан филиалдарын көбейтуді қолға алдық. Мен Чикагодағы филиалына жауаптымын. Ерлі зайыпты отбасылар көп болғандықтан балалары Америкада дүниеге келіп, үлкен өмірге қадам басып жатыр. Олар Қазақстанды көрмегендіктен біз санасына ұлттық құндылықты сіңіруіміз керек. Орталықта қазақ тілі, Қазақстан тарихы, домбыра секілді үйірмелер бар. Биыл мемлекеттік Рәміздерге 30 жыл толуына орай орталықта патриоттық бағытта іс-шаралар өткізуді қолға алудамыз, – дейді Қуаныш Дәлиев
.

Бразилиядағы жалғыз қазақ Марат Гарниповтың туған жерге деген сағынышы тым бөлек. Мұнда тұрып жатқанына он екі жылдай болса да, Гарипов әлі де Қазақстан азаматы. Бразилияда спорт азаматтығын алып, сол елдің намысын байрақты бәсекелерде қорғап жүр.

– Күрестен ел құрамасына ене алмағандықтан 2010 жылы өзге елге қоныс аудару ойыма келді. Қазақстан құрамасы атынан сынға түсу үшін күрделі іріктеуден өту керек. Ел чемпионы атану аздық етеді, өзге елдерде өтетін жарыстарда мықтылығыңды үнемі дәлелдеп жүруің керек. Күрес жақсы дамыған елдердің бәрінде осындай тәртіп. Ал Бразилияда біршама жеңілдеу. Ол жақта чемпионаттарда бозкілемде бес балуан белдессе, Қазақстанда елу адам қатысады. Айырмашылығын көріп отырсыз ғой. Сондықтан мұхит асып, Қазақстаннан алшақтау кеттім. Спорт патриотизмге жақсы тәрбиелейді. Әлі де Қазақстан десе ет жүрегім елжірейді. Бөлмемде қазақ туы төрде ілініп тұр. Туға құрмет ерекше. Бір қиыны мұнда емін-еркін қазақ тілінде сөйлей алмайтыным. Сондықтан елдегі туыстарым және ата-анаммен күн сайын амандық біліс іп, хабарласып тұрамын. Бұрын скайп болатын, қазір WhatsApp, мессенджер арқылы сөйлесеміз. Біздің елмен тоғыз сағат айырмашылық бар. Мен ана жақта ұйқыға жатқан кезде Қазақстанда адамдар, керісінше, оянып жатады. Қалаған уақытымда Қазақстанға келе аламын. Спорттық мансабымды аяқтайтын кезге де жақындап қалдым, – дейді бразилиядағы қандасымыз.

Мәскеуде білім алып жүрген қызылордалық Нұрбол Елеместің Ресейде жүргеніне 6 жылға таяған. Нұрболдың айтуынша, Мәскеу Ресей астанасы болғанымен өздерін Қазақстанда жүргендей сезінеді екен. Елдегі жаңалықтар Ресейдегі жастардың назарын аудартатын көрінеді.

– Ресей Қазақстанның іргесінде орналасқандықтан өзімізді бөтен елде жүрміз деп ойламаймын. Мұнда қазақ бауырларымыз көп. Қазақ династиясы да жақсы қалыптасқан. 2016 жылдан бері Мәскеуде білім алудамын. Университетте қазақ жастарының одағы құрылып, ауқымды іс шаралар ұйымдастырып, Қазақстанға деген сағынышты басамыз. Өзге елдердегі қандастарға қарағанда бізде жылына бір мәрте елге барып қайтуға мүмкіндік болады. Шыны керек, өзге елде жүргеннен кейін жерлестерге деген құрметің ерекше болады. Қазақстаннан келген спортшыларға, әншілерге, өзге сала өкілдеріне әрдайым қолдау білдіріп, көк туымызды арқалап, ареналар мен



концерт залдарда ұйымшылдық көрсетеміз. Мұның өзін патриотизм деп қабылдасақ болады. Мәскеудегі әрбір қазақтың шаңырағында бір тудан бар. Біз тудың қадір-қасиетін өзге елге барғанда түсіндік, – деп түйіндеді сөзін.

Иә, өз жұртымыз өзге елде жүрсе де қазақи құндылығын жоғалтпай, елдіктің нышанына айналған көк туымыздың қасиетін жақсы түсінеді. Оны мұхит асып, елге сағынышын көк туы арқылы басып жүрген жандардың әңгімесінен аңғаруға болады. Бұл бәлкім рәміздерге деген құрмет болар. Біз кейде қолда бардың құнын түсінбейміз. Әйтпесе, Shiza секілді бетке ұстардың ұятты қылығы рәміздерге деген құрметтің төмендеп бара жатқанын байқатады. Бастысы, 30 жыл бұрын бекітілген басты құндылық төрден төмен түспесін!

**Ерасыл ШӘРІБЕК**

## «ШЕТЕЛДЕН КӘСІБИ БІЛІМ АЛҒЫМ КЕЛЕДІ»

**Қолжетімділік артса да, кино түсіру оңай дүние емес. Жақсы жазылған сценарий болмаса, кәсіби әртістің еңбегі зая. Әртіс жан-тәнімен рөлін ойнап шықса да, режиссер білікті болмаса, туындының тағдыры ұзаққа созылмайды. Сондықтан көңілдің төрінен орын алар кинотуынды жасап шығару үшін бірлескен топтағы әр маманның қызметі өзінше маңызға ие.**

Жас болса да өз ісінің озық маманы ретінде көптің көзіне түсіп, балаларға арналған кино, сериалдар түсіруде режиссерлік шеберлігімен ерекше контент ұсынып жүрген Наурызбай Егізбай – «Aslan films» балаларға арналған алғашқы киностудиясының режиссері. «Режиссураны арнайы оқымадым. Орта білім алып, 9 сыныпты бітірген соң фельдшерлік мамандықты таңдадым. Алайда видео түсіруге, монтаждауға кішкентайымнан қызығатынмын. Бұл сала бойынша кәсіби жоғары білім алмасам да, монтаждау курстарына қатысып, уақыт өткен сайын біліктілігімді шыңдап отырдым. Қалғанының бәрі тәжірибемен келді», – дейді жас режиссер.

Қармақшы ауданында туып өскен жас 9 сыныпты бітірген соң 2015 жылы Қызылорда қаласына келеді де хоббиі ретінде үздіксіз видео түсіріп, өңдеумен айналысады. Алғашқыда той түсірумен шектелген ол 2019 жылы Жасұлан Алдабергеновпен танысып, сол жылы студияның тұсауы кесілген. «Q7» деп аталған студияның сау-сақпен санарлық мамандары түрлі жанрда, тақырыпта роликтер түсіре бастайды. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тапсырысымен «Университетке белес» атты алғашқы кинотуынды жарыққа шығады. Кейіпкеріміз алғашқы ірі жобада монтажер ретінде техникалық жағын қолға алған.

– 2019 жылы қыста «Сүйгенді сүй» атты киномыз көрсетілді. Алғашқы айларда-ақ ютуб желісінде 900 мың қаралым жинады. Оның сценарийін Жасұлан жазды. Менің режиссерлік қызметім де осы кезде басталды. 2020 жылы «Аслан» киностудиясы ашылып, режиссер ретінде жаңа жобаларға кірісе бастадым. Студия ашудағы біздің басты мақсатымыз – қызылордалық дарынды, кино өнеріне жаны құштар жастарды таныту, оларға сабақ беру, алғашқы тәжірибеден өткізу. Осы жылы «8 наурыз»атты қысқаметражды фильмді жарыққа шығардық.

Одан бөлек 2019 жылы Елдос Жанұзақ есімді әншіге клип түсірдім.Ол кәсіби арна – «Той думанға» шықты. 2020 жылдың аяғында «Болашақ» университетінің тапсырысымен «Болашақ bridge» киносы түсіріліп, «Aray city mall» сауда үйінің кинотеатрында ашық көрсетілімі өтті. Уақыт өткен сайын тәжірибе жинап, үлкен жобаларға көше бастадық. Мәселен, өткен жылы «Бақталас» атты мектеп оқушылары туралы сериалды ұсындық. Бұрын болмаған өзгеше жоба 2 маусымнан, әр маусым 10 сериядан тұрады. Біз жасаған туындылардың барлығы – балалар үшін. Алдағы уақытта ересектер үшін де жаңа жобаларға кірісеміз деп жоспарлап отырмыз, – дейді Наурызбай.

Режиссер қызмет ететін киностудияда балаларға әртістік шеберлік оқытылады. Айналасы 2-3 жылдың ішінде мұнда 200-ден астам бала оқып, мектеп жасында жүріп-ақ кәсіби білім алған. Маманның айтуынша, үйірмеге қатысатындардың көбісі кішкентайлар. Әртістік шеберлік бойынша оқып, өнер



академиясына тапсырғысы келетіндердің алды әлі мектеп бітірмеген. Сондықтан киностудияның балаларды оқытуға арналған бұл бөлімінен күтер жетістік те, жақсы жаңалық та көп.

«Отбасымда әкем теміржолшы, анам тәрбиеші. Үш ағайындымыз. Бала кезден қызығып, ешқандай қиындыққа, қарсылыққа қарамастан осы салаға келдім. Қазір жасым 22-де. Соңғы үш жыл бойы тек кино түсіруге көштім. Көпшілік режиссер дегенде киноның басы-қасында жүріп, басы-аяғы құралған біртұтас видеоны жасап шығаратын адам деп ойлауы мүмкін. Алайда режиссер үшін үздіксіз ізденіс, жаңа білім керек. Жаңа тақырыпқа көшкен сайын өзінің не түсіріп жатқанын, көрерменге не ұсына алатынын білуі шарт. Болашақта шетелден кәсіби білім алғым келеді»,– дейді кейіпкеріміз.

**Дина БӨКЕБАЙ**

## ЖОЛАҚЫҒА ЖЕҢІЛДІК

**Жуырда Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев жолақыға байланысты бірқатар жеңілдіктер жасалатынын жеткізді. Жақсылықты сүйіншілеген хабар қоғамды қуантып қойғаны рас. Себебі бағаның тиімді болуы халықтың әлеуметтік осал топтарына айтарлықтай көмек.**

Алдағы уақытта ҚР Заңдары мен кодекстеріне халықтың әлеуметтік осал топтарына қоғамдық көлікте жүруге жеңілдік беретін нормалар енгізіледі. Бұл Заң жобасы ҚР 4 кодексі және 16 заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізуді көздейді. Заң жобасында жолақыға жеңілдік «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Ана даңқы» орденінің иелері мен бірінші топтағы мүгедектерге қарастырылған. Сондай-ақ бұл тізімде 15 жастан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер де бар. Енді олар билет құнының тек 50 пайызын ғана төлейді. Жаңа мүмкіндіктер жайлы министр осылай тарқатты:

– Атап айтқанда заң жобасы әлеуметтік маңызы бар, сондай-ақ қалалық (ауылдық), қала маңындағы қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдауда «Алтын алқа», «Күміс алқа» мен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталған көпбалалы аналардың, бірінші топтағы мүгедектердің тегін жол жүру құқығын көздейді. 15 жастан 18 жасқа дейінгі жастар билет құнының 50 пайызын төлей алады, – деді Қайырбек Өскенбаев.

Министрлік келтірген деректерге сәйкес, Қазақстанда 65 мыңнан астам «Алтын алқа», 137 мыңнан астам «Күміс алқа», 15 мыңнан астам «Батыр ана» иегерлері бар. Ал I топта – 69 444, II топта – 280 965 және III топта – 264 934 мүгедектігі бар адам тіркелген.

– Заң жобасына енгізілетін өзгеріс ата-аналар үшін жағымды жаңалық болды деп ойлаймын. Әсіресе, көпбалалы отбасыдан шыққан балалар үшін оның орны бөлек. Студенттердің аз да болса ата-анасынан қаржылай тәуелсіз болуын және мемлекет тарапынан осындай қолдау көрсетілуін оң бастама деп есептеймін, – дейді қала тұрғыны А.Бақбергенова.

Есепке сүйенсек, бүгінде еліміздегі 7 жасқа дейінгі балалар саны екі миллионнан асады. Ал 7-15 жас аралығында 2,7 млн бала және 16-18 жастағы 724 мың жас бар. Соның ішінде 14 жасқа дейін балалар жолақының елу пайызын төлейтін. Нұр-Сұлтан қаласында 18 жасқа дейінгі барлық жеткіншектің қоғамдық көліктерде тегін жүруіне рұқсат етілген.

Депутаттар бірінші оқылымда мақұлдаған заң жобасының студенттерге де серпіліс сыйлағаны сөзсіз. Бұл сөзімізге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Құралай Мәделханқызының пікірі дәлел:

– Жақсылықты бөліссең, көбейеді дейді ғой. Жаңалықтардан алғаш естіген кезде бір-бірімізге таратып, қуанып қалдық. Студенттерге, жастарға көңіл бөлініп жатқанының дәлелі осы болса керек. Теңіз де тамшыдан құралады. Ендеше, кішкентай болса да жаңа серпін сыйлап, жеңілдік жасалатынын естудің өзі жаңа Қазақстанға бағыт алғанымызды көрсететіндей. Әлі де жақсы жобалар орын алады деп сенемін, – дейді ол.

**Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ**

**Мемлекеттің жастар саясатына қатысты ұстанымы – келешектің даму бағытын айқындайтын бірден-бір маңызды шешім. Қазақстанда жастардың саны 4 млн-ға жуықтағанын, соңғы жылдағы бала туу көрсеткішінің артуын қаперге алсақ, бұл тұжырым нақтылана түспек. Себебі елдегі экономикалық, әлеуметтік-психологиялық ахуалдың жай-күйі қашанда жастардың потенциалымен өлшенеді. Сондықтан қоғамның қозғаушы күшіне айналған жастардың мүмкіндігін арттыру, дамуға жағдай жасау – Үкімет алдындағы негізгі міндет. Осыған орай мамыр айында парламенттік тыңдаудың негізгі бөлігі «Жаңа Қазақстан: жастар және жаңғыру» тақырыбына арналды.**

# ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдау сайын жастарға қатысты мәселелерді көтеріп, шешу жолын ұсынуы тақырыпқа бейжай қарамау қажетін ұқтырғандай. Содан болар, сенатта өткен жиында жастар кезігетін келеңсіздік пен оларға арналған бағдарламалардың бағыт-бағдарын саралауға, келеңсіз тұстарын реттеуге бағытталды. Әсіресе, жұмыссыздық, білім беру ісі, кәсіпкерлік, баспана мәселесі қызу талқыға түскенін байқау қиын емес.

## ЖҰМЫССЫЗДЫҢ КҮЙІ ЖОҚ

Жалпы жастарға арналған бағдарлама әрқашан керек-ақ. Себебі, жасөспірімдер мен өмірге қызуқанды көзқараспен қарайтын жас буын бағыт көрсетуге мұқтаж, қолдауға зәру. Бұл, әсіресе, білім беру мен жұмыспен қамту ісінде ерек байқалады. Мәселен, өткен жылы жоғары оқу орындарын бітірген түлектердің үштен бірі еңбек нарығында сұранысқа ие болмаған. Парламент тыңдауында осы мазмұндағы сауалды Сенатор Нұртөре Жүсіп көтеріп, түйіткілдің шетін шығаруға тырысқан:

«Елдегі ЖОО мен колледждерді бітірген, бір емес, қолдарында бірнеше дипломы бар жастар еңбек нарығының сұранысын қанағаттандыра алмай отыр. Жұмыс берушілердің сұранысы бір бөлек, білім беру жүйесінің оқу бағдарламасы бір бөлек. Соның салдарынан жұмыссыз жүрген жас азаматтардың қатары толығып келеді. 2021 жылғы желтоқсан айындағы жағдай бойынша оқу бітірген 168 000-нан астам адамның, 110 мыңы ғана жұмысқа орналасқан. ЖОО түлектерінің 31 пайызы, колледж түлектерінің 33 пайызы жұмыс таппай сандалып жүр», – деді депутат.

Тіпті, Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың өзі мәселені жоққа шығармай, кей бағдарламаның көңіл көншітерлік нәтиже бермегенін жасырмады. «Жоғары білім туралы дипломы бар жастардың 40 пайыздан астамы мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Осыған байланысты жұмыс орындарын құруға және жастар практикасына бағытталатын бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігіне қатысты мәселелер туындайды», – деді ол.



Расында салада атқарылар тілік пен жоспарланған меже жетерлік. Өңірлік бағдарламаларды айтпағанда, республикалық бастамалардың басым дені жұмыссыз жастардың санын азайтуға тырысып келеді. Мысалы, жақында «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және Eurasian Resources Group компаниясының арасындағы келісім негізінде жаңа бастама жүзеге асты. Ол – «Жастарды жұмысқа орналастыру» жобасы. Жоба жүзеге асса 35 жасқа дейінгі 10 мың жасқа жұмыс орындарын ұсыну жоспарланған. Яғни, мамыр айынан бастап «Enbek.kz» электрондық еңбек биржасында кез келген азамат ERG компаниялар тобынан жұмыс таба алады деген сөз.

Жұмыс ұсыну жүйесі де қарапайым. «Enbek.kz» порталының басты бетінде баннер орналасқан. Жұмыс іздеушілер сілтемені басу арқылы ERG тобындағы компаниялардың HR-қызметтері орналастырған бос жұмыс орындарының тізімімен таныса алады. Бүгінде аталған тізімге 346 бос жұмыс орны орналастырылған екен. Олардың арасында техникалық немесе медициналық біліктілікті қажет ететін және арнайы білімі жоқ адамдарға арналған мүмкіндік те бар.

Негізінен ERG 28 жылдан бері табысты жұмыс тәжірибесі бар, табиғи ресурстарды өндіру мен өңдеу саласындағы жетекші компаниялардың қатарында. ERG құрамына «Қазхром» Трансұлттық компаниясы» АҚ, «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ, «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ, «Еуразия» Медициналық орталығы» ЖШС және басқа да ірі кәсіпорындар кіреді.

Жұмыспен қамту саласындағы бар жаңалық жаңалық бұл емес. ЕХӘҚМ Әлеуметтік көмек департаменті халықты жұмыспен қамту бағытындағы жүйелі жобаны жүзеге асыруға кіріскен. Биыл департамент 200 мыңға жуық жұмыспен қамту шарасын ұйымдастырып, екі қолға бір күрек таба алмай жүрген азаматтарға мүмкіндік бермек. Жоба аясында азаматтарды жұмыспен қамту, тұрмысы төмен отбасыларға жәрдем беру үшін көзделіп отыр.

«Электронды еңбек биржасында 41,7 мыңнан астам адамға арналған тұрақты жұмыс орындарына вакансиялар жарияланған. Өз кәсібін ашам деген 20 300-ден астам адамға гранттар қарастырылған. Тиісті қаражат қаралған. Жастар практикасына 20 мыңнан астам жолдама берілмек. Оқу орындарын жаңа бітіріп келген азаматтардың алғашқы жұмыс орны ретінде 3 мың жұмыс орнын субсидиялау көзделген. 36 мың адамға біліктілігін арттыру курстары ұсынылады. 16600 уақытша әлеуметтік жұмыс орындары қаралса, 52 100 аса уақытша қоғамдық жұмыс орындары көзделген. Одан басқа 8100 тарта адамды еңбек күші аз өңірлерге көшіруге субсидиялар бар», – деді ҚР ЕХӘҚМ Әлеуметтік көмек департаментінің директоры Асқар Ниязов.

Жұмыссыз жасқа қолдауға арналған үздік бағдарлама қатарында «Жастар іс-тәжірибесі», «Алғашқы жұмыс орны» секілді жобалардың бары анық. Биыл бұл бағдарламаға қатысу мерзімі ұзарып, жастардың еңбекақысы көбеюі ықтимал. Себебі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сала басшыларына аталған жобаларды назарға алуды тапсырған болатын.

«Жұмыссыздық деңгейін түсіруге ерекше назар аудару керек. Әсіресе жастар арасында. Жоғары оқу орындарының, колледждердің түлектері, әсіресе, білімі жоқ жастардың тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Мұны біз жақсы білеміз. Кездейсоқ нәпақамен күн көріп жүр. Кейбіреулері табыс іздеп жүріп заңнан аттап кетуі мүмкін. Үкіметке «Жастар іс-тәжірибесі» және «Алғашқы жұмыс орны» жобаларына қатысудың мерзімін созып, еңбекақысын көтеру мүмкіндігін қарастыруды тапсырамын. Халықтың әлеуметтік осал тобындағы жастардың іскерлік бастамаларын іске асыруға жағдай жасау маңызды», – деген Мемлекет басшысы.

Көп өтпеу, тапсырма мәресіне жетіп, «Жастар іс-тәжірибесіне» қатысу мерзімі 6 айдан 12 айға дейін, ал «Алғашқы жұмыс орны» жобасына қатысу мерзімі 12 айдан 18 айға дейін ұзартылды. Сонымен қатар, оған қатысатындардың субсидияланатын жалақы мөлшері 20-дан 30 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайтылған.

## БІЛІМ БЕРУ ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

Парламенттік тыңдауда көтерілген тақырыптың тағы бір бөлігі – білім беру ісі. Жиында саладағы біршама кемшілік талқыланғанымен, Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов айтқан жағымды жаңалық елді қуантты. Оның айтуынша, Қазақстандағы колледж студенттерінің 40 проценттен астамы ақылы негізде оқып жатыр. 2025 жылға қарай кезең-кезеңімен жастарға техникалық және кәсіптік білім беру толығымен тегін болмақ. Биылдың өзінде осы мақсатта 45 мың қосымша грант бөлінсе, колледждердегі білім беруді еңбек нарығына бейімдеу үшін академиялық еркіндік енгізілетін болады. Сондай-ақ, студент шәкіртақысы мен грант көлемі артып, 2025 жылға қарай мемлекеттік білім гранттарын 50 процентке ұлғайту жоспарланған көрінеді.

«Жоғары оқу сапасы сенаторлар тарапынан өткір көтеріліп жүрген сұрақтардың бірі. Бұл салада бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемдік үздік университеттер филиалдарын елімізде ашу қолға алынды. Былтыр Алматы қаласында британдық Де-Монфорт университетінің филиалы құрылды. Жаңа оқу жылынан бастап М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде Аризона университетімен бірлесіп маман дайындау жобасы іске қосылады. Бұл жастарға шетелге шықпастан, әлемдік рейтингіде алдыңғы қатарда тұрған университеттерде білім алуға, ата-аналарға шығындарын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді», – деді Е.Тоғжанов.

Сонымен қатар, Үкімет қазақстандық жас ғалымдардың үлесін 50 процентке ұлғайтуды жоспарлап отыр. Бұл үшін жас ғалымдардың идеяларын қаржыландыру бойынша арнайы конкурстар өткізілмек. Қазірдің өзінде 26 млрд теңге болатын 451 жоба қаржыландырылуда. Биылдан бастап «Жас ғалым» бағдарламасы аясында жыл сайын 500 ғалым әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтеді. Ал «Халықтың табысын арттыру» бағдарламасы аясында 4 жыл ішінде 160 мыңнан аса жас азамат «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» жобаларымен 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде грантпен қамтылатын болады. Бұл – отандық ғылымға деген ең айтулы көмек.

## БАСПАНА – БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Жастардың баспана мәселесі Сенат спикерлерін де бейжай қалдырмады. Бірқатар депутаттар елдегі «7-20-25», «5-10-15» және басқа тұрғын үй бағдарламасы болғанымен, аталған жоба мәселені түбегейлі шешпегеніне наразы. Сенат спикерлері бұл олқылықтың себебін жастардың алғашқы жарнаны төлеу қабілетінің төмендігі мен пайыздық мөлшерлеменің жоғары болуына сілтеуде.

Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов аталған мәселеге жауап бере келе, алда атқарылар жұмыстарға тоқталып өткен. Оның сөзінше, алдағы уақытта барлық өңірде әкімдіктерімен бірлескен «Отбасы банкінің» жеңілдетілген ипотека бағдарламасын іске қосу жоспарлануда.

«2025 жылға дейін барлық өңірде әкімдіктермен бірлескен «Отбасы банкінің» жеңілдетілген ипотека бағдарламасын іске қосу жоспарланып отыр. Қазіргі кезде жастарға арналған өңірлік тұрғын үй бағдарламалары 3 өңірде, яғни Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жүзеге асырылып жатыр. Енді жыл соңына дейін басқа да өңірлерде осы тектес бағдарламаны іске қосу қарастырылып отыр», – деді Е. Тоғжанов.

Жалпы 2019 жылдан бері жұмыс істейтін жастарға 7 мың жалға берілетін баспана ұсынылған. 2025 жылға дейін жұмыс істейтін жастарға 12 мың пәтер беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жыл соңына дейін жалдамалы тұрғын үй беру қағидаларына жастардың айлық табысын растау талаптарын 40 АЕК-тен 25 АЕК-ке дейін төмендету енгізіледі. Бұл жастардың жалға берілетін баспана алу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтпек.

Айта кетейік, бүгінде «Отбасы банкінде» жастардың 500 мыңнан аса депозиті ашылды. Онда жалпы сомасы 250 млрд теңгеден астам қаржы жиналған екен. 2025 жылға қарай жастардың баспана жинақтарының көлемін 800 мың депозитке дейін жеткізу, жастар арасында баспанаға алуға жинақ ашу мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыстар жүргізілмек.



***P.S. Әрине, жастарды толғандырған өзге де мәселе жетерлік. Алайда жұмыссыздық пен баспана мәселесі ең негізгі келеңсіздік бастауына айналғаны жасырын емес. Тіпті, кей жас отбасылардың ажырасу себебі де осы мәселеден туындап отырғанын көріп жүрміз. Сол себепті Сенатта айтылға ұсыныс пен қолға алынға бастамалар жастардың жаңа мүмкіндікке қол жеткізуін қамтамасыз етері анық.***

**Берен ШАҒЫРОВ**

# «Барлық мейірім балаларға!»



**Жақында «Aray City Mall» сауда орталығының іші лық толы болды. Себебі мұнда маңызды шара ұйымдастырылды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы қолға алған ашық есік күнінде невролог, педиатор, гастроэнтеролог, онкогематолог, эндрокринолог, хирург секілді өз ісінің мамандары қабылдау жүргізді. Байқағанымыздай, шараға аудандардан арнайы келген ата-аналар да болды.**

– Бала – біздің жарқын болашағымыз. Бүгінде денсаулық сақтау басқармасы тарапынан түрлі акциялар басталды. Соның бірі міне, «Балалар жылына» орай ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі шара адам көп шоғырланатын сауда орталығында өтуде. Мұнда облыстық балалар ауруханасы, №3 қалалық емхананың дәрігерлері балаларды қарап, кеңес беруде. Алдағы уақытта облыс көлемінде медициналық ұйымдарда ашық есік күндері жиі өткізіледі, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жангелді Шайымбетов.

Кезекке тұрған аналар дәрігерге қаралуға асық. Соның ішінде хирургқа жүгінген тұрғын көп. Бұл ретте Айгүл Ибраева хирург маманының қабылдауына көптен бері жазыла алмай жүргенін айтты. «Балаларды тексеретін хирург маман тапшы. Әлеуметтік желі арқылы №6 қалалық емханада балалар хирургына ұзын-сонар кезек болатын. Осыны ескерген жауапты басқарма арнайы маман шақырып, хирургты да ашық есік күніне қосыпты. Ризашылығым мол», – дейді.

«Балалар жылына» орай ұйымдастырылған ашық есік күнінде дәрігерлер бүлдіршіндерді қабылдап қана қойған жоқ. Сонымен қатар ақхалатты абзал жандар бүлдіршіндерге сыйлық табыстады.

**Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА**

## ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ




Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, заңсыз қудаланған азаматтардың құқығын қалпына келтіру жұмыстары Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін басталды. 1993 жылдың 14 сәуірінде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті жарлығымен 31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды.

Осы орайда 1998 жылы Қызылорда қаласында ашаршылық қуғын-сүргін құрбандарына арнап ескерткіш орнатылды. 2017 жылы мемориалды ескерткіштің бастапқы қалпын сақтай отыра қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, аумағы абаттандырылды. Мемориалды ескерткіш мазмұны жағынан «Біз біргеміз» ұранымен елімізде бейбітшілік болсын, ендігі жерде мұндай қасірет болмасын деген ниет, 1937-1938 жылдардағы саяси репрессияда «халық жауы» атанып, жапа шеккен Алаш арыстарының ақталғандығының көрінісі.

Ескерткіш бүгінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Өңірлік қасиетті нысандар» тізіміне енгізілген. Сонымен қатар Қызылорда облысы тарихи-мәдени мұра объектілерінің 3D форматтағы интерактивті картасына (www.virtualmap.xyz) енгізілген. QR-код тақтайшасы орнатылған.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

**Бүгінде мешкей сөзі жемқор сөзімен жаңа сипатқа ие болды. Қоғамға қауіпті дерт «қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетедінің» керісіне айналғанын да байқаймыз. Дегенмен әлемді жайлаған кеселмен күрес қарқынды. Күтер нәтиже де көп.**



# ЖАМАНДЫҚТАН АЛЫС, ЖАҚСЫЛЫҚҚА АСЫҚ БОЛ!



Қарап отырсаңыз, қоғамды кері сүйрейтін қылмыс қаншама?! Оларды тізбектей тізгеннен пайда жоқ. Сондықтан амалсыз жоғарыда айтқан күрес күшейсе дейсің.

Бастысы, өзімізді өзіміз тәрбиелеп, адалдықтың ақ жолынан тайқымай, рухани құндылықтарды әуелі өзіміз дәріптеуіміз керек сияқты. «Ала жіпті аттамай», тәлімді тәрбиені ту етіп, жастардың бойына да осыны сіңіруді тоқтатпау маңызды деп ойлаймын. Себебі болашақ жамандықтан алыс, жақсылыққа асық жас ұрпақтың қолында. Мұның бәрі де ата-бабамыз қалыптастырған ізгі жолды жалғар ұлтжанды азаматтар қатары сиремеуі үшін...

**Расул ӘЛІМЖАН,**
**облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының маманы**

## ЖАСТАР ЖЕРЛЕСІМЕН МАҚТАНАДЫ



Сәбит Шонтақбаев – басын бәйгеге тіккен бүгінгі күннің батыры. Жақында жалағаштық жастар жерлесімен жүздесіп, құрмет көрсетті.

Жақсылық жасау үшін миллионер болудың, жаһанға жария қылудың, көпшіліктің қошеметіне бөленер сәтті күтудің қажеті жоқ. Жүректе бір ғана мейірімнің болғаны жеткілікті екенін түйсінді. Шарада аудан әкімінің орынбасары Жасұлан Еспенбет алғысын жеткізіп, аққұмдық кәсіпкер Ерлан Жақсылықов батырға тұлпар мінгізді. Ауыл ақсақалы Жанұзақ Оспан ақ тілегін жаудырып, батасын беріп, сәбиді құтқарған Сәбиттің ерлігі елге, жастарға үлгі екенін жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін жалағаштық Сәбит Шонтақбаев басын бәйгеге тігіп, оқыс оқиға кезінде Нұр-Сұлтандағы тұрғын үй кешенінде балконның ернеуіне ілініп қалған 3 жасар қыздың жанын сақтап қалды. 36 жастағы азамат оны даладан байқап қалып, бірден 7-қабатқа көтерілген.

ПІКІР-ПАЙЫМ

## ТЕҢ ҚҰҚЫҚТЫ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Еліміз жаңа болашаққа қадам басатын кезеңге жетіп, референдум арқылы маңызды шешім қабылдайтын уақыт таяды. Алдағы референдум елде бүкіл жүйені демократияландыру мен либерализациялау жүріп жатқанын көрсетеді.

Жалпы қай ел болмасын, өзінің Конституциясынан қуат алып, бейбіт тұрғындардың құқығы мен бостандығын сақтап отырады. Демократия деген ұғымның құнын Ата Заңы арқылы арттырады. Ал ол құнды құжатқа ие болу – сол мемлекеттегі әрбір азаматтың міндеті.

Сондықтан референдум Қазақстан халқының жұдырықтай жұмылып, тең құқықты қоғамға негізделген екінші республиканы құру жолындағы маңызды қадамы болғалы тұр. Өз Отанын сүйетін әр азамат ел тарихында елеулі орын алатын бұл науқаннан тыс қалмайды деп ойлаймын. Конституцияға өзгеріс енгізуді халық таңдауы керек.

**Алдан БАЛТАЕВ,**
**«Байқоңыр» футбол клубының спорт директоры**

## ЕЛІМІЗДІ ЖАҢА ҚЫРЫНАН ДАМЫТУДЫ КӨЗДЕЙДІ



Референдумды қолдау – азаматтық міндет ғана емес, мемлекет болашағын айқындайтын қадам. Себебі референдум бүтін елдің мүддесін қорғауға, Жаңа Қазақстанның келешегін кемел етуге септесері сөзсіз. Конституцияның үштен бір бөлігіне өзгеріс енгізу мәселесі сөзімізге дәлел бола алады.

Мемлекет басшысы өз ұсынысында: «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!» – деген еді. Сондықтан «жалпыұлттық референдум – өзгерістер бастауы» десек, қателеспейміз.

Бүгінде бастама қоғам арасында қызу талқыланып, қолдау тауып отыр. Конституцияны бүкіл халықтық дауыс беру арқылы өзгерту халықтың көзқарасын еркін білдіруінің айқын көрінісі болатындығын, соңғы Жолдауда Президент тың саяси реформаларды жариялап, билік институттары арасындағы конституциялық құрылымды жетілдіруге мүдделі екенін танытты.

**Ердәулет КӘКІМЖАНОВ,**
**«Дін мәселелерін зерттеу орталығының» бөлім басшысы**

## ЖҰМЫС ТАБУ ОҢАЙ БОЛАДЫ



Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ және Eurasian Resources Group (ERG) компаниялар тобымен бірлесіп «Жастарды жұмысқа орналастыру» бірлескен жобасын іске қосты.

Жоба аясында 35 жасқа дейінгі 10 мың жасқа жұмыс орындарын ұсыну жоспарлануда. Enbek.kz порталында ERG тобындағы компаниялардың HR-қызметі орналастырған бос жұмыс орындарының тізімімен https://www.enbek.kz/ru/search/vac?passwd[8]=8 мына сілтеме арқылы танысуға болады.

Жоба іске қосылғаннан бері әртүрлі мамандықтар бойынша 346 бос жұмыс орны орналастырылған, олардың арасында техникалық немесе медициналық біліктілікті қажет ететіндерімен қатар, арнайы білімі жоқ адамдар үшін де жұмыстар тізбесі кездеседі. Бұған қоса жақында HeadHunter Қазақстан компаниясы еңбек тәжірибесі жоқ жастар үшін жоғары жалақысы бар бос жұмыс орындарын анықтады. Жастарға жұмыс ұсынуға дайын кең тараған сала сату бөліміне қатысты болып шықты.



# ҚҰРМЕТТІҢ ҮЛКЕНІ - ҚОҚЫС ТАСТАМАУ

**Әрбір қала тұрғыны қыстың қақаған аязы мен жаздың аптап ыстығында еңбек ететін көше тазалаушының жұмысымен жақсы таныс. Елден бұрын оянып, таңертеңнен жұмыс істейтін қызметкерлер қаланың көркін келтіру үшін тынбай тіршілік етуде. Жұмыс – ауыр, еңбек – адал. Оның үстіне Сырдың құбылмалы ауа райынан жаңа жинаған көшеге кешке қайта келуге мәжбүр. Оған тазалыққа селсоқ қарайтын тұрғындардың әрекетін қосыңыз. Міне, осындай қиындықтың ортасында жүрген жандардың жағдайын назарда ұстау, тазалық сақтауға ортақтасу қоғам мәселесіне айналып отыр. Себебі оларға құрмет көрсетпеу, қызметкерлердің жолақы шығыны, жұмыс режимі секілді олқылықтар тазалықшылардың мәртебесі мен қызметіне тың көзқарас қалыптастыруды талап ететіндей.**

Осы орайда мәселеге оң бетбұрыс берген бастаманың алғашқысын аймақ басшысы қолға алды. Жақында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда Тазалығы» ЖШС жұмысшыларының қоғамдық көлікте ақысыз жүруін қамтамасыз етуге уәде берді. Көптен көтерілген мәселе болғанымен, әкім қабылдауына келген «Қызылорда тазалығы» КММ-нің жұмысшысы Гүлайым Қарғабаеваның уәжінен соң аталған қадам жүзеге асып, тазалық қызметкерлерінің мерейі артты. Аймақ басшысымен кездесуінде сала маманы 18 жылдан бері осы қызметті атқара жүріп, қоғамдық көлікте жиі қатынайтынын және бұл қалтаға әжептеуір салмақ салатынын айтып, аймақ басшысынан көмек сұраған. Сәйкесінше, облыс әкімі «Қызылорда тазалығы» мекемесі жұмысшыларының еңбегі аса жауапты да қиын екенін алға тартып, қала әкімі Асылбек Шәменовке 1 маусымнан бастап қоғамдық көлікте тазалықшылар үшін тегін жүру билетін енгізуді тапсырды.

«Күннің ыстық, суығына қарамастан адал еңбек етіп, қаланың тазалығын сақтап жүрген «Қызылорда Тазалығы» ЖШС жұмысшыларына құрметіміз ерекше болуы тиіс. Таңның атысы мен кештің батысына дейін көше аралап жүретін азаматтарға барынша қолдау көрсетілуі қажет. Сол себепті 1 маусымнан бастап бұл мекеменің барлық қызметкерлерінің қоғамдық көлікте тегін жүруін ұйымдастыру керек», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, өткен жылдан бастап «Қызылорда Тазалығы» мекемесі «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен қосылған болатын. Бүгінде бес бағыт бойынша жұмыс атқаратын мекеменің санитарлық тазалық жұмыстарына биыл 699,9 млн теңге бөлінген. Сала мамандарының айтуынша, мекемедегі 112 дана техниканың 77 процентінің тозығы жеткен көрінеді. Оның 74 данасы санитарлық тазалық жұмыстарын қамтамасыз ететін техника екен. Көліктердің көбісі істен шығып, жөндеуді қажет еткендіктен мекеме екі ауысымда жұмыс істеуге мәжбүр.

Күн-түн демей, шаһар келбеті үшін елден бұрын қарбалас жұмысқа кірісетін жандар қашанда құрметке ие. Олардың жалақысы мен мәртебесі, жұмыс режимі турасындағы мәселе ретімен шешіле жатыр. Бастама да көтерілуде. Алайда еңбек адамына деген қоғамның ең басты көмегі бөлек. Ол – тазалықшыға құрметпен қарау, қоқыс шашпау, қаланы таза ұстауға жәрдемдесу.

**Берен ШАҒЫРОВ**

# ЖАҢА КОДЕКС МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

**Кәсіпкерлік нысандардың экологиялық талаптарға сай келуі – күнделікті тіршілікте көзге көрінбегенімен қызылордалықтардың денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер етуші фактор. Осы орайда 5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қызылорда облысы бойынша экология департаментінің бас маманы Гүлназым Ахметовамен өңірдегі экологиялық ахуал жайлы сұқбаттасқан едік.**

**– Гүлназым Амандыққызы, алдымен Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне енгізілген толықтырулар мен өзгертулерге тоқталып өтсеңіз...**

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму – еліміз үшін алдыңғы кезекте тұрған мәселе» екендігіне басты назар аударғаны белгілі. Өткен жылдың 1 шілдесінен бастап жаңа экологиялық кодекс заңды түрде күшіне еніп, қолданысқа берілді. Кодекс 7 негізгі принциптен тұрады. Бірінші принцип бойынша «ластаушы төлейді және түзетеді». Ол ластанудың алдын алу және бақылау шараларын, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды қалпына келтіру үшін жауапкершілікті көздейді. Осылайша мемлекет табиғат пайдаланушыларға экологиялық айыппұл төлегеннен гөрі қоршаған ортаға теріс әсер етуге жол бермейтін шараларды қолдануға жағдай жасауы тиіс. Сонымен қатар экологияға зиян келтірген ластаушы қоршаған ортаны бастапқы қалпына келтіруге міндетті.

Екінші принцип – қоршаған ортаға әсерді бағалаудың жаңа тәсілдері. Бұрынғы Экологиялық кодекс бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсімінен өту талаптары іс жүзінде барлық кәсіпорынға қолданылатын. Жаңа Экологиялық кодексте шығарындылардың 80% тиесілі «бірінші санаттағы» кәсіпорынға ғана аталған талапты қолдану ұсынылады. Бұл ретте жұртшылық қоршаған ортаға әсерді бағалаудың барлық кезеңдеріне қатысады.

Үшінші принцип озық әрі қолжетімді технологияларды енгізу мен экономикалық ынталандыру шараларын қамтыса, келесі принципте эмиссия үшін түсетін төлемдерді экологиялық шараларға бағыттау жоспарланған.

Бесінші принцип – шығарындылар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру. І санаттағы объектілер үшін шығарындылар мен төгінділердің сапалық және сандық құрамы туралы уақытылы және шынайы ақпарат алу үшін деректерді уәкілетті органға берумен өндірістік экологиялық мониторингті міндетті автоматтандыру қарастырылған. Алтыншы принцип экологиялық бақылауды күшейтуге бағытталса, жетіншісі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруды жетілдіруді қамтиды. Жаңа Экологиялық кодексте ЭЫДҰ елдерінде пайдаланылатын айналмалы экономика принциптерін енгізу басты назарда. Қалдықтарды кезең-кезеңмен басқаруға бағытталған қалдықтар иерархиясы, яғни олардың пайда болуының алдын алуға, қайта пайдаланылуына, қайта өңделуіне, жойылуына бағытталған шаралар тізбегі қарастырылған. Рұқсат етілмеген қоқыс орындарының санын төмендету мақсатында қалдықтарды қайта өңдеумен, кәдеге жаратумен айналысатын кәсіпорындардың қызметін лицензиялау және қоқыс шығаратын ұйымдар үшін ескерту тәртібі енгізілген.

**– Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу барысында шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін азайту мақсатында қандай шаралар қабылдануда?**

– Департамент мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу барысында KPI көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы жүргізілген сараптама нәтижесінің қорытындысымен атмосфералық ауаға шығарындылар 2613 тоннаға,төгінділер нормативтері 64 тоннаға төмендетілді. Сонымен бірге келісілген жобаларда 5,4 млн текше метр суды және 197500 тонна қалдықты қайта пайдалану қарастырылған. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

**– Экологиялық заң талаптарын бақылауда жиі кездесетін құқықбұзушылықтар қандай?**

– Бақылау шараларын жүргізу барысында негізінен табиғат пайдаланушылар тарапынан қалдықтармен жұмыс істеу талаптары жиі бұзылады. Қоршаған ортаға әсер етуге рұқсатсыз шаруашылық қызметтерін жүргізетіндер де аз емес.

Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығы ішінде қоршаған ортаны қорғау саласында 15 субъектіге бақылау шаралары жүргізілді.

Нәтижесінде табиғат пайдаланушыларына 3,9 млн теңге көлемінде 6 әкімшілік құқықбұзушылық жөнінде іс қозғалып, айыппұл салынып, өндірілді. Сонымен қатар қоршаған ортаға экологиялық рұқсаттың болмауына және департаментпен бекітілген ұйғарымдардың орындалмауына байланысты 11 субъектіге қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылып, барлығы да әкімшілік істі қарау үшін сотқа жолданды. Сот арқылы 7 субъектіге қатысты 1,9 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынса, қалған 4 субъектіге қатысты құжаттар соттың қарауында. Өңірдегі экологиялық құқықбұзушылық деңгейі осындай шаралардан көрінеді. Өткен жылы 34 профилактикалық, 30 жоспардан тыс бақылау жұмыстары ұйымдастырылып, 122,4 млн теңге көлемінде 70 әкімшілік айыппұл салынған еді. Қоршаған ортаға келтірілген залалды өндіру бағытында 352,2 млн теңге көлемінде 16 нұсқама берілді.

**– Кәсіпорындардан шығатын қалдықтардың жайы қалай? Бұл жағы заңдастырылған ба?**

– 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген ҚР Экологиялық Кодексінің 336-бабының 1-тармағына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе құрту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия алуға міндетті.

Жалпы бүгінгі күнге дейін департамент арқылы қалдықтармен жұмыс істеу қызметіне лицензия беруде 11 субъектіге қатысты тиісті жұмыстар жүргізіліп, оның 5-еуіне оң қорытынды, 6 субъектіге қатысты құжаттардың талаптарға сәйкес келмейтіні жөнінде қорытынды жасалды.

**– Облыста экологиялық мәселелердің шешілуі бағытында қандай жұмыстар атқарылып жатыр?**

– Қызылорда облысының экологиялық проблемаларын шешу мақсатында экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігі Қызылорда облысының әкімдігімен бірлесіп, 2020-2025 жылдарға арналған «Қызылорда облысының экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол картасын» бекітті. Жол картада тұрақты көздерден атмосфераға ластаушы заттардың эмиссиясын қысқарту, су ресурстарын реттеу, қалдықтарды басқару саласы бойынша іс-шаралар көзделген.

Жобаның тоқталып кететін маңызды тармағы – Қызылорда қаласындағы бұрынғы жылу электр орталығындағы күл қалдықтарын жою. Бұрынғы №6 жылу электр орталығының күл-шлак қалдықтарын орналастыру орны 42 гектар аумақты алып жатыр. Онда 1 миллион тоннадан астам көмір күлі бар. Осы ретте Қызылорда облысы бойынша экология департаменті қала әкімдігімен бірлесіп «Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы» ЖШС-мен компанияның өндірістік қызметінде күл-шлак қалдықтарын пайдалану туралы меморандумға қол қойып, қазіргі таңда қалдықтар цемент зауытының өндірісінде шикізат ретінде пайдаланылуда. Қазіргі таңға дейін барлығы 23 225 тонна күл қалдығы цемент зауытының шикізат сақтау қоймасына тасымалданды. Бұл – өңірдің экология саласындағы нық қадам, тың өзгеріс.

**– Небәрі 15 жасында экобелсенділікті таңдап, «BBC» телеарнасының талдауымен ықпалды әйел тізіміне енген, америкалық «Time» журналының нұсқасы бойынша «Жыл адамы» атанған шведтік Грета Тунбергтің есімі көпке таныс. Ол БҰҰ-ның Нью-Йорктегі саммитінде әлемдегі экология проблемасы, планетаның ластануы, парник эффектісінің қаупі жайлы мәлімдеме жасауымен есте қалды. Бұған қатысты не айтасыз? Жалпы, жастардың экологиялық білімі қандай, олардың қоршаған ортаны қорғауда үлесі қаншалықты?**

– Грета жастардың қоршаған ортаға жанашырлығын дәлелдеді және оның жалынды сөзінің жаны бар. Бұл проблеманы шешу үшін «жасыл» технологияға көшудің, ағашты көбірек отырғызудың рөлі зор. Халқымыздың тұрмысында көктеу, жайлау, күздеу, қыстаудың болуының өзі – табиғатты қорғаудың ерекше үлгісі. Аңыз бойынша ертеде жау келген тұста Төле би бабамыздың өзі басқа халық көшсе де, көшпесе керек. Оның себебі – киіз үйге қарлығаштың ұя салуы. Осының өзі табиғатқа деген философиялық көзқарастың белгісі. Ендігі кезекте жас ұрпақтың да барды бағалап, табиғи таза ортада өмір сүруге, жарқын болашаққа ұмтылуы маңызды. Ол үшін қоршаған ортаны қорғауға бала кезден баулудың маңызы айтарлықтай. Қазір мектептерде өтетін экосағат білімді арттырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға сеп. Түрлі экологиялық шаралардың, тазалықты ту ететін бастамалардың көмегі бар. Жастар «Бірге – таза Қазақстан» секілді экологиялық акцияларда белсенділік танытуда. Өткен «Волонтер жылында» Сыр еріктілері, жас экосақшылар қоршаған ортаны қорғауға бағытталған «Birgemiz: Taza Alem» жалпыұлттық жобасына да қолдау көрсетті. Алдағы кезеңде де жастар электр үнемдегіш жаңа аппараттарды, экологиялық таза өнім өндіру техникасын жандандырады деп сенеміз.

**– Әдемі әңгімеңіз үшін рақмет!**

**Сұқбаттасқан**
**Дина БӨКЕБАЙ**

# БАЛАЛАР ЖЫЛЫ БАЛАЛАР ҮШІН БЕ?

Айта кету керек, елімізде 2021 жылы бала туу көрсеткішінде жаңа рекорд тіркелді. Өткен жылы жаңа туған нәрестелер саны бірден 446,5 мыңға жеткен. Ал биылғы жылдың үш айында 95,6 мың туу туралы куәлік тіркелді. 2022 жылы көрсеткіш жоғары болуы мүмкін дейді мамандар. Халық санының 1/3-ін құрайтын балалардың сапалы білім алуына, денсаулығының нығаюына мән беріп, күн тәртібіндегі шешілуге тиіс маңызды мәселелердің бірі етіп қоюы да содан шығар. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай дайындалған іс-шаралар жоспарына назар аударсақ, шынымен де биыл балалар құқығының қорғалуына, денсаулық жағдайын, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың ахуалын жақсартуға, олардың сапалы білім алуына мүмкіндік беретін бірқатар іс-шара тізбегін көре аламыз.

Ал «Баласын жетімсіретпеген ел» жобасында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқығын қорғау бойынша іс-шаралар қолға алынды. Атап айтсақ, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының функцияларын кеңейту, аталған санаттағы балаларды отбасыға қосудың баламасын, яғни «патронаттық кәсіби отбасын» енгізу бойынша қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қамтиды.

Осындай жүйелі жұмыс нәтижесінде соңғы 3 жылда балалар үйіндегі тәрбиеленушілер саны 32%-ға (6223-тен 4254-ке дейін), ал балалар үйі 30%-ға (138-ден 96-ға дейін) қысқарған. Балалар жылына орай қолға алынатын іс-шаралар балалар үйінде тәрбиеленетіндер санын азайтуға, балалар үйіне қайтарылған жеткіншектердің санын төмендетуге мүмкіндік береді деген үміттеміз.

Жәрдемақы өзгерісіне келетін болсақ, күнкөріс деңгейі мөлшерінің өзгеруіне байланысты 1 сәуірден бастап жәрдемақылардың мөлшері де өзгереді. 7 жасқа дейінгі мүгедек баланы тәрбиелеушілерге төленетін жәрдемақы 50 426 теңгеден 52 345 теңгеге артып отыр. Асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы 1 балаға 30 976 теңгеден 32 155 теңгеге көбейтілсе, тұл жетімдерге 44 120 теңге көлемінде әр балаға бөлек жәрдемақы төлеу қарастырылған. Бала туғанда оның күтіміне байланысты төленетін біржолғы және ай сайынғы жәрдемақы көлемі де біршама өсті.

Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы 1, 2 және 3-ші балаға 120 840 теңге көлемінде болса, 4-ші және одан кейінгі балаға 200 340 теңгеден төленеді.

Өткен жылдан бастап Президент тапсырмасы бойынша «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы іске қосылды. Онда 2026 жылға дейін ЭКҰ-ға жыл сайын 7000 квота бөлу көзделген. Сәуір айындағы жағдай бойынша ЭКҰ арқылы 1307 бала дүниеге келді. Алайда қоғам мен мемлекеттің басты мақсаты – бала санын көбейту емес, бақытты, өзіне сенімді, ұлтын сүйетін, саналы ұрпақ қалыптастыру болса керек. Соған сай балаларға қатысты зорлық-зомбылық, әділетсіздіктер жайы жылдан жылға қоғамдық талқыға салынып, мемлекет тарапынан назарға алынып жатқанына қарамастан балалардың физикалық, психологиялық қауіпсіздігіне қатер төнуде. Оған себепкер – алыстағы бейтаныс емес, ата-ана, көрші, мектептегі оқушылар. Жыл басынан бері терезеден құлап кеткен, суға түсіп, өлі күйінде табылған, жоғары сынып балаларынан, тіпті, өз ата-анасынан жыныстық зорлық көрген балалар жайлы ақпараттар легі толастаған емес. Жария болмағаны қаншама...

Жүйелі жұмыс жүріп, мемлекеттік салалар бұл бағытқа жеңін түріп кіріскенмен балалар жылы шынымен балалар үшін бе деген ой келеді. Мүмкін, мәселе «шағын мемлекеттің» жүйесінде шығар?

**Аяжан УБАЙДУЛЛА**




**Қазақта «Адам болатын бала алысқа қарайды» деген тәмсіл бар. Бала мықты болып өсуі үшін дұрыс тәрбие мен білім қажет. Президентіміз жаңа жылдық құттықтауында биылғы жылды «Балалар жылы» деп жариялап, түрлі мерекелік шаралар мен жиындар өткізу емес, басты мақсат өскелең ұрпақты қорғау, саналы, сапалы тұлға шығару екенін, ол үшін ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасау керегін атап өтті.**

**Бала тәрбиесіне отбасының да, балабақшаның да, мектептің де үлесі зор. Әрбірі жас өркеннің дамуына, өзін қалыптастыруына мән береді. Осы орайда «Адамға ең бірінші тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы. Тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі», – деген ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөзі еске түседі. Шынында бүгінгі тәрбиенің жайы қалай? Баланы қалай тәрбиелеудеміз? Осы сауалға жауап іздеп көрелік.**



# ТӘРБИЕ ТӘРТІПКЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазір отбасы мүшелері құлағы тыныш болу үшін баланың қолына смартфон, планшет беріп қояды. Тіпті, баланың не қарап, қандай ойын ойнағанына да мән бермейді. Мұндай бейқамдықтың сыры неде? Баланың тағдырына неліктен селсоқ караймыз? Үлкен өмірге қадам басқан әр адамда балалықтың болмысы қылаң беретіні анық. Қараусыз қалған бала қалай өспек?

Бұлай деуіміздің сыры – бала өміріне қауіпті ойындар жетерлік. Атыс-шабыс, ұрып-соғуды дәріптейтін көптеген ойындар әр ұялы телефоннан табылады. Мән-мағынасы жоқ контент те, берер тәрбиесі аз бейнежазбалар да желіде кезіп жүр. Осының барлығы бала болмысына сақтықпен қарауға итермелеп келеді.

Жалпы тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану ізденімпаздықты, тапқырлықты, тіпті, шығармашылықты талап етеді. Баламен сөйлесу, мектептен келген кезде күні қалай өткенін білу назар аударудың алғышарты саналады. Яғни, ата-ана психолог болуы қажет.

Бала еліктегіш. Олар кейде жаман әрекетті қайталағысы келеді. Осы орайда бала бір дүниеге тәуелді болмауы қажет деп санаймын. Ата-ана баланы кішкентай кезінен тәрбиелеп, әрбір ұғымды жете түсіндіруі қажет. Мысалы, ақшаның қалай келетінін, қалай үнемдеу керегін, отбасы құндылығын жастайынан сіңіру пайда әкеледі. Оған қоса мұндай әрекет ата-ана мен баланы жақындастырып, өзара пікір алмасуына септесері анық. Себебі бала ата-анаға қарап үлгі,тәлім-тәрбие алады емес пе?!

Әрбір баланың елін сүйетін, Отанын құрметтейтін азамат болып өсуі – қоғам жауапкершілігі. Егемен еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына енуіне өз үлесін қосатын, болашақта мақтанарлықтай азамат болып қалыптасуы ең маңызды кезеңге тәуелді. Кішкентай кезінен ақ пен қараны, дұрыс пен бұрысты аңдаған бала бұл жолдан айнымасы анық. Себебі жауапкершілікті сезіну тәртіптен ерек байқалады. Мысалы, баланың аяқ киім бауын байлап үйренуі, тамақ жеген ыдысын тазалауы, киімін жинауы тәрбиенің алғашқы сатысы саналады. Тәрбие тал бесіктен басталатынын ұмытпаған жөн.

**Аружан СЕРІКБАЙҚЫЗЫ**

# ЖАЛАҚЫ ӨСТІ, ЖАҒДАЙ ӨЗГЕРСЕ...

**Елімізде жалақы көлемі тез өсіп келе жатқаны баршамызға белгілі. Сарапшылардың есебіне сүйенсек, қазақстандықтардың айлығы көршілес Ресейге қарағанда едәуір жылдам артып келеді. Жұмыскерлердің айлығының өзгеріске ұшырауына не себеп? Мемлекет тарапынан берілген уәде орындалып жатқаны ма? Бұл сұрақ көпшіліктің көкейінде сайрайтыны заңдылық.**

Елдегі номиналды орташа айлық жалақы 19,3%-ға өскен. Қазіргі таңда қазақстандықтардың орташа жалақысы шамамен 249 215 теңгені құраса, Ресейде жалақының орташа көлемі 310 000 теңге. Алайда жоғары көрсеткіштерге қарамастан, елдегі әлеуметтік ахуал әлі өз орнына келген жоқ. Қарапайым халық тарапынан біршама наразылық көрінеді. Үкімет уәде бергендей жұмыскерлердің айлығы біршама өсті, дегенмен дүкендегі бағалар төмендеген жоқ. Жалақы өссе де, азаматтардың материалдық жағдайы келесі жағдайға байланысты көтерілмеуі мүмкін. Естеріңізде болса, қаңтар айында жанармай бағасының артуы азаматтардың наразылығын тудырды.

Қазір бұл мәселе шешілгенімен алдағы уақытта жанармай бағасы қайта көтерілмеуіне кім кепіл? Тауарлардың бағасын көтеру аяқталған жоқ. Кез келген дүкен немесе супермаркеттерде тауарды көтерме бағамен сататын саудагерлер бар. Азық-түлік бағасының өсуі – халықтың тұрмыс-тіршілігіне теріс әсер ететін факторлардың бірі. Бүгінде күнделікті тұтынатын өнім бағасы күннен-күнге шарықтап барады. Сондықтан өңірлерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасының күрт көтерілуін болдырмайтын шаралар легін пысықтап отыру қажет.

Сондай-ақ елдегі мұғалімдер мен дәрігерлер сияқты соңғы үш жылдан бері ішкі істер органдары қызметкерлерінің де лауазымдық еңбекақысы орта есеппен 30 пайызға өскен. Бұдан бөлек, «Ұлттық ұлан» қызметкерлерінің де айлық жалақысы біртіндеп артып келеді. Ол бойынша 2021-2023 жылдары офицерлердің жалақысын 70, келісімшарт бойынша қызмет ететін әскерилердің еңбекақысын 60 пайызға арттыру көзделген. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, жедел-тергеу бөлімшелері – 55%, патрульдік полиция қызметкерлері – 65%, оқытушылар – 25%, полицияның қалған қызметтері мен ҚАЖ мамандары жалақысына 20% қосылған. 2020 жылы құқық қорғау қызметкерлерінің айлығы мүлдем өспеген. Енді алдағы екі жылда учаскелік полиция инспекторларының айлығына тағы 30%, орталық аппараттың патрульдік полициясы мен инспекторлық қызметкерлерге 15%, аумақтық органдардың жедел-тергеу бөлімшелеріне 22%, аумақтық бөлімшелердің қалған қызметкерлерінің жалақысына 7-11% қосылады. Сонымен бірге жақында келер жылдың алғашқы айынан бастап тазалық сақтау, күзет қызметкерлерінің де айлық көрсеткіші артатыны туралы мәлімдеме жасалды.

Экономика сарапшысы Юрий Масанов ең төменгі жалақыны көтеру мәселесі жеке сектордағы қызметкерлерге қатысты екенін айтады. Онда басшылық көбінесе жұмысшыларға ең төменгі жалақыны белгілеп, ақшаның қалған бөлігін «конвертпен» береді. «Кәсіпкерлер салықты аз төлеу үшін осындай әрекетке барады. Енді ең төменгі жалақының мөлшері өскенде аталған саладағы қызметкерлердің заңды кірісі де артады, яғни зейнетақы және әлеуметтік аударымдары. Сондықтан бұл жеке сектордағы қызметкерлер үшін жақсы жаңалық болар еді. Президенттің айтуынша, бұл шешім 1 миллионнан аса адамға тікелей әсер етеді. Яғни бүгінде Қазақстанда сонша қызметкер ең төменгі жалақыны алып отыр»,– деген болатын экономикалық шолушы.

**Ботагөз ӘБЕН**



# СУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

**Халық арасында «Су – ырыстың көзі», «Су – тіршілік көзі» сынды нақыл сөздердің кездесуі қайнар судың адамзат өміріндегі мән-маңызын айрықша білдіріп тұр. Барша тіршілік атаулының негізі болған судың да сарқылар шағы, таусылар уақыты болуы мүмкін. Бүгінгі таңда су тапшылығы, оның ішінде ауыз судың қолжетімсіздігі әлем бойынша өзекті мәселеге айналып отыр. Халықтың ауыз суға деген сұранысы ұлғайған сайын барша адамды сумен қамту жұмысы күрделене түсуде.**

Егеменді еліміздегі ауыз су мәселесі де көңіл көнштерлік емес. Ел аймақтарындағы су ресурстарының жағдайы күн өткен сайын нашарлап барады. Қазақстан суды үнемдеу үшін егістік алқаптарын қысқартуға мәжбүр. Ірі өзендердің жойылып кету қаупі бар. Сырдария, Әмудария және Ертіс трансшекаралық өзендері Орталық Азияны сумен қамтамасыз етіп отырған негізгі көз болғандықтан, су қазақстандықтар үшін қол жетпес байлыққа айналуы ғажап емес.

Қазіргі уақытта Қазақстанның ауыз сумен қамтамасыз ету көрсеткіштері және тұтастай алғанда сумен жабдықтау жүйелерінің сипаттамалары қанағаттанарлық жағдайда емес. Отандық шенеуніктердің пікірінше, 2050 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы үш есеге дейін артуы мүмкін. Суға зар болған сүреңсіз болашақтың алыс емес екенін түсінген ел «өмірге нәр беретін ылғал» алудың жаңа жолдарын іздестіруде. Қазақстандағы ауыз судың тапшылығы су ресурстарының шектеулілігіне, олардың ластану дәрежесінің жоғары болуына, су қорының республика бойынша біркелкі таралмауына және бюджеттік шығындарға байланысты өсіп отыр. Сондай-ақ, бір жұтым ауыз суға зар болған ауыл тұрғындарынан гөрі суды емін-еркін қолданатын қала тұрғындары судың қадірін көп түсіне бермейді. Суды үнемдеу деген түсінік жоқ.

Сондықтан алдымен «су стратегиясы» аясында билік халықты суды үнемді пайдалануға дағдыландыруды көздеп отыр. Қазақтарды суды үнемдеуге шақыру үшін шенеуніктер тарифтерді көтеріп, әр жерге есептегіш қондырғылар орнатуда. 2000 жылдардан бері сумен қамту мақсатында іске асырылған бірнеше бағдарламалар болды. Олардың ішінде «Нұрлы жер», «Жұмыспен қамтудың жол картасы», «Ауыл-ел бесігі», «Ақ бұлақ», «Таза су» сынды бағдарламаларды атауға болады. Десе де, елдегі шалғай елді мекендердегі ауыз суға қатысты ахуал сол баяғы қаз-қалпында қалды. Алыс аумақтарды айтпағанда, ірі мегаполис Алматының маңындағы кейбір кішігірім ауылдардың өзінде халық ауыз суға жете алмай отыр. Дамыған елде мұндай көріністі елестету қиын. Бұл қазіргі күннің шындығы. Президент Алматы облысындағы халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі бар, әрі ол түрлі бағдарламалардың іске асырылуына қарамастан, жақсы нәтижеге жете қоймады деген болатын.

Су тапшылығын азайту, халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мемлекет тарапынан жедел іске асырылуы тиіс шара. Су бүгінгі таңда ешнәрсемен алмастырылмайтын жалғыз табиғи ресурс екенін есте ұстауымыз керек.

**Інжу ЖАҚСЫЛЫҚ**

# ДОСТЫҚҚА АДАЛ ҚОЯН

Ертеде бір ерекше мысық болыпты. Ол адамдардың үйінде емес, орманды мекен етіп, далалықта өмір сүреді. Мысықтың ерекшелігі – сыртқы келбетінде. Оның аяғы тауықтың аяғы тәрізді, ал құлағы қояндікі секілді өте ұзын. Ол аяқтары арқылы өте жылдам жүгіре алатын болса, құлақтары арқылы алыстан шыққан дауысты анық ести алатын. Ормандағы кей аңдар одан қатты қорқатын еді. Ал адамдар оны жай аң емес, ерекше бір «тіршілік иесі» деп санайтын. Тіпті, кейбіреулер оны қолға түсіру үшін арнайы қақпан құрып, айласын асырмақ болады. Бірақ ерекше мысық өзінің жылдамдығы арқылы үнемі кез келген тұзақтан сытылып кетеді екен.

Бір күні қу түлкі оны азық етпек болып, тұзақ құрады. Содан соң мысыққа келіп:

– Ей, мысық, сені аңшылар іздеп жүр, – дейді.

– Сен оны қайдан білесің?

– Жолда мен аңшыны көрдім. Ең дұрысы менің апаныма жүр. Сонда қауіпсіз болады, – дейді түлкі.

Бұл кезде апанның ішінде түлкінің досы өз жемтігін күтіп жатқан еді. Қу түлкі алдымен мысықты апанға кіргізіп жібереді. Апанның ішінен сыңырлаған дауыс естіледі. Мысық ерекше құлақтары арқылы дауысты бірден естіп қояды. Апанға кіре бергенде, түлкі мысыққа қарай атылады. Бірақ мысық жылдамдығының арқасында бұл жолы да қашып кетеді.

Мысықтың қызыққа толы күндері өте береді. Уақыт өткен сайын ол өзінің құлағы мен аяғынан ұялатынды шығарды. Сол себепті ол жапырақтан қорғаныш киім мен аяқ киім жасап алады да, соны шешпестен киіп жүреді. Кейін ол өзіне дос табады. Оның досы – ормандағы жануарлардың бірі, сүйкімді Қоян. Екеуі бірге тамақтанып, көңіл көтереді, бірге уақыт өткізеді. Бір күні аңшы екеуін қақпанға түсіреді. Екі дос қатты қорқады. Екеуі қақпаннан шығудың амалын іздестіреді. Мысықтың жапырақтан жасалған киімдері бір мезетте жыртылып қалады. Мұны көрген қоян қатты таңқалады. Ол мысыққа келіп:

– Маған неге өзіңнің құлағың мен аяғың жайлы айтпадың? – дейді.

– Сен мені киімсіз көргенде, дос болмай қаласың ба деп қорықтым... – дейді мысық. Сонда қоян:

– Меніңше, досты түріне қарап бағалау, таңдау – ақымақтық! Мен мұндайлардың қатарынан емеспін, – дейді. Мысық одан кешірім сұрайды. Осы сәттен бастап екеуі бір-бірінен ештеңе жасырмауға уәде береді. Екеуі ақылдасып тордан шығудың жолын табады. Қоян темір тордың кішкене жерін сындырып жібереді. Осылайша екеуі қашайын деп жатқанда, кенеттен аңшы оларды көріп қояды. Ол мылтығын алып, тоқтаусыз оқ ата бастайды. Қоянның аяғы жарақаттанып, жүгіруден қалады. Мысық оны арқасына мінгізіп алып, қашып шығады. Ақыры орманға жетіп, осындағы бір үңгірге аялдайды. Екеуі отырып бір-бірімен емен-жарқын әңгімелеседі.

Сонда қоян мысыққа:

– Сен өз құлағың мен аяғыңды кемшілік деп қабылдайсың. Бірақ бұл дұрыс емес. Ол – сенің ерекшелігің. Сен аяғың арқылы талай қақпаннан қашып шықтың. Ал құлағың арқылы алыстағы қауіп-қатерді естіп, сақтандың. Біз сенің арқаңда тұзақтан да қашып шықтық. Басқа аңдар сені жек көруі мүмкін. Бірақ бұл дала заңдылығы емес пе?! Қоғам, адамдар да себепсіз, жай ғана өзіне ұқсамаған тіршілік иелерін қабылдай алмайды, жек көреді. Соған қарамастан сен өзіңді осы қалпыңда қабылдауың керек! – дейді.

– Қоян, сен ең керемет доссың! Айтқан сөздерің мені ойландырып тастады. Қолдауың үшін рахмет! – дейді мысық. Осы оқиғадан кейін арада біраз күн, ай, жылдар өтеді. Екі дос ешқашан ажырамайды. Мысық өзінің ерекшелігі арқылы үлкен белестерге жетеді. Ұлы достықтың мықты екенін дәлелдеген ерекше мысық пен қоян бір-бірінен айырылмай, өз мақсаттарына жеткен екен.

**Роза АРЫСТАНБЕКОВА,**
**С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицей оқушысы**



# ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ

Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда Оқжетпес деген ауылда қойшы бала мен аңшы қатар өмір сүріпті. Қойларын досындай көретін, аласа бойлы, момын мінезді қойшы бала оларды өріске жайып жүргенде күніне бір қойдан жоғалтып отырады. Қойшы бұған аң-таң болып, не істерін білмей, қалайда өзі анықтамақ болады.

Алайда қойшы баланы әртүрлі ойлар мазалайды. «Мүмкін бұл қасқыр шығар, әлде айлакер қу түлкілер ме екен?» деп ойлайды ол. Ертеңіне қойшы аулаға шығып, малына бара жатқаны сол еді, қойды жетектеп алып бара жатқан аңшыны көріп қалады. Қойшы бала не істерін білмей, сасқалақтап қалады. Сосын ойланып:

– Әй, аңшы, тоқта. Менің қойларымды қайда апара жатырсың? – дейді. Аңшы балаға қарайды да, мән берместен:

– Ей, сен, кімсің? Жұмысыма бөгет болмай, әрі тұр, – деп жекиді.

Сонда бала:

– Сен менің қойларымды қайда апарасың? Мен оларды бағып, ақша тауып, көбейтіп отырмын ғой. Біреудің адал малын ұрлап, күн көргенше, өзің де еңбектенбейсің бе? – дейді.

Аңшы сасқалақтап, қойшыны қорқытпақшы болып, мылтығын ала жөнеледі. Сол сәтте қойшы бала бәрін ақылмен жеңіп, біреудің дүниесіне қол салуға болмайтынын, құдай бәріне куә екендігін айтып түсіндіреді. Бірақ оны тыңдап жатқан аңшы жоқ.

– Ұрланған қойларымды қайтармадың. Алла жолында еткен садақам болсын. Енді менің қой қорама жолаушы болма, арамтамақ! Қанша қой кетті... Не ақшасын өтеп бермедің. Біреудің нанын ұрлап, байып кетемін деп ойлама, – деп ашулы бала, қолын сілтеп кетіп қалады.

Арада бір апта өткенде аңшының өз басына да осындай іс түсіп, содан кейін біреудің малын ұрлап, көз жасына қалудан қорқып қалады. Осылайша аңшы жігіт «Ұрлық түбі – қорлық» екенін кеш те болса түсінген екен.

**Аружан ЖҮНІСОВА,**
**С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-лицейі**

# ХАНШАЙЫМНЫҢ АЖАЛЫ

Ерте ерте ертеде, есте жоқ ескі заманда үлкен патшалық болыпты. Оның әміршісі мейірімді, адал, еңбекқор жан екен. Қызының ажарлы болғаны сонша мына әлемдегі барлық жігіт сол қызға есі кете ғашық болады. Ал ол сұлудың аты – Ақзере.

Бір күні патшаның сұлу қызы қатты сырқаттанып қалады. Себебі табылмай, патшалықтағылар сандалады. Әкесі қызын емдеу үшін арнайы емшіні алдырса, сырқаттың сыры ашылмайды, ем табылмайды. Кей емшілер бұл жазылмайтын сырқат деп те айтады. Бірақ патша оған сеніңкіремейді. «Бұл мүмкін емес, менің қызымның сұлулығын қызғанып, мыстанның бірдеңе бүлдіргеніне сенімдімін» деп ойлайды.



Алайда олардың патшалығы мыстандар елінен тым алыс еді. Дегенмен патшаның айтқаны шындық болатын. Себебі бұл патшалыққа бір жауыз мыстан кіріп жас қыздың кейпіне еніп алған еді. Ол мыстанның мақсаты – сұлу ханшайымның орнын басу. Мыстан патшалыққа келгелі ханшайымның басы айналып, әлі құриды. Нәтижесінде ханшайым қатты сырқаттанғаннан есінен танып қалады.

Ханшайым осы сырқаттың себебінен ұзақ жыл ес жимады. Патша қызын оятып, аяғына тік тұрғызу үшін қанша амал ойластырғанымен ханшайымға ешбір көмек болмады. Арадан біраз уақыт өткен соң ханшайымның жағдайы одан сайын нашарлап, хәл үстінде жатады. Ажалының жақындағанын сезіп, тілге келеді. Әкесін бір көріп қалғысы келгендей ес жиды. Әкесі бұған қуанып, алып-ұшып қызына барады. Қыз бұл сырқатқа ұшырамас бұрын соңғы рет бір шыны су ішкенін айтады.

Әкесі мұны түсіне кетеді. Одан кейін тілге келместен патшаның қызы сол сәтте ажал құшады. Біраз уақыт есеңгіреп жүрген әкесі патшалықтың мәселелерімен жүріп, қызының қайтыс болғанын қабылдап, кішкене көңілі басқа дүниелерге бөліне бастайды. Осылайша мыстан қыздың орнына ханшайым болады. Бірақ өз қызының ажалы әке жүрегін қатайтып, баяғы мейірім, рақым, адалдықтың бәрін жоқ қылған еді. Содан бері әділ, еңбекқор басшы жауыз патшаға айналып, бұл патшалықта да мыстандар билік құрыпты.

**Еркеназ ӘБДРЕЙІМ,**
**Жаңақорған ауданы,**
**№224 орта мектеп оқушысы**

# ТӘКӘППАР ГҮЛ

Ертеде бір зәулім үйдің ауласында сан алуан гүлдер мен ағаштар өмір сүріпті. Барлығы бір-біріне жанашырлық танытып, бауырлардай тату-тәтті болыпты. Жорғалаған жәндіктен ұшқан құсқа дейін әлгі ауланың сән-салтанатын кіргізіп, қараған жанның көңіліне ерекше жылулық сыйлайды екен. Бір өкінішті, әдемі үйлесім тапқан сол салтанатты тек бір адамның іштарлығы ғана бұзып тұратын.

Ол – бақтағы күлтешелері көбелектей жайқалған, нәзік сары гүл еді. Өзі өте әдемі, сүйкімді болғанымен ішкі жан-дүниесі арам пиғыл мен жаман ойға толы болатын. Үнемі айналасына тәкаппарлана, менсінбей қарайтын. Жанында өсіп тұрған ағаштарға, олардың шыбықтары мен бұталарына, шөптерге түрлі ауыр сөз айтып, көңіліне қаяу түсіруді де әдетке айналдырған. «Бұл бақтың ең сұлуы, ең сүйкімдісі – мен! Мұнда келген адамдар да ең бірінші маған сүйсіне қарап, көркіме таңғалады. Мені құшырлана иіскеп, рахаттанады. Мен болмасам, бұл жерге ешкім де аяғын аттап баспас еді. Жан-жануар мен адамдардың табанының астында тапталып жатар едіңдер», – деп тәкаппарлана кеудесін қағып, қарқылдай күлетін. Мұндай кезде айналасындағы ағаштар мен теректер айтарға сөз таппай, үнемі ішінен тынатын. «Сабыр түбі – сары алтын» дегенді ұстанып, тек өздерін сабырлы болуға шақырудан басқа амал таппаушы еді. Күн артынан күн, ай артынан ай жылжи берді.

Бір күні аулада ешкім ойламаған жайт орын алды. Бақшаға кенеттен бес ешкі сау ете қалды. Жап-жасыл аулаға тап болған ешкілердің көк шөпке есі кетіп, бас салып гүлдердің бәрін жапыра бастады. Сол кезде жаны ашыған ағаштар гүлдерді бұтағымен көмкеріп, шыбықтарымен ешкілерді сабалап, оларға араша түсті. Жеп үлгермеген ешкілер енді мұнда екінші мәрте аяқ баспайтындай болып, тым-тырақай қаша жөнелді. Ал тәкаппар гүл болса өзінің жасаған жамандығына қарамастан, өзіне көмек қолын созған ағаштардың бетіне қарауға ұялып, олардан иіліп кешірім сұрады. Қателескенін айтып, жылады, қайта дос болғысы келетінін жеткізді. Сонда ағаштардың арасынан бір қарт терек басын көтерді де: «Өз қателігін мойындау да – ерлік. Бірлік бар жерде ғана достық бар, әдемі өмір бар. Сондықтан енді мұндай пасықтықтан, жаман қасиеттен бойыңды аулақ ұста. Сонда ғана біз сені кешіреміз», – деді. Бұл сәтте сары гүл нәзік күлтешелерін төмен қаратып, бетін көлегейлеп, ұяттан өртеніп кетердей жайсыз күй кешіп тұрған еді. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген мақал осыдан қалса керек.



**Айназ ИКРАШ,**
**«Орда School» жеке мектебінің**
**3 «б» сынып оқушысы**

# ФУТБОЛДАҒЫ БЕЙТАРАП ҚЫЗМЕТ




**Жасыл алаңда тер төгетін аяқдопшылардың жетістікке жетуі алдымен шеберлігіне байланысты болса, екінші кезекте тікелей агент қызметімен байланысты. Көзге көрінбейтін мамандардың қандай еңбегі бар деген сауал туындауы бек мүмкін. Әсіресе, футбол агенттері елімізде қалай жұмыс істейді деген сұрақ көпшілік үшін қызық. Өйткені Қазақстанда бұл спорт түрі бойынша аталмыш мамандар саусақпен санарлық. Сондықтан олардың жұмысы біз үшін беймәлім екенін жоққа шығара алмаймыз. Ал шетелдерде бәрі басқаша.Көршілес Ресейдің өзінде футбол агенттерінің жұмысы жоғары бағаланады. Футболшылары да әлемнің үздік чемпионаттарында доп тебу үшін ішкі біріншіліктерде, еурокубоктық бәсекелерде өздерін жақсы жағынан көрсетуге тырысады. Соның арқасында бұл елдегі футбол агенттеріне тиімді ұсыныстар көп.**

Ал Испанияда футбол агентін табу – 18 жасқа толған футболшының басты мәселесі десек қателеспейміз. Дәл 18 жасынан бастап ойыншылар кәсіби клубтармен келісімшарт жасау құқығына ие болады. Жыл сайын футбол маусымы аяқталғаннан кейін команда басшылары өздерінің жасөспірімдер құрамаларына байқау жариялайды. Төменгі дивизиондағы клубтардың немесе дубльдегі командалардың жас әрі талантты ойыншыларын көруге жер-жерден жүздеген скауттар келеді. Осылайша допты жанына серік еткен жеткіншектерге үлкен футболға қадам басуға, танымал футбол агенттерімен жұмыс істеуге жол ашылады.

Жалпы шетелде агентпен жұмыс істеудің өзіндік бағыт-бағдары, дәстүрі қалыптасқан. Мысалы, футбол агенті ойыншыларға команда таңдауда кеңесін айтып, футболшылардың деңгейіне сүйене отырып, бастапқы кезде қай клубтарға ауысқан тиімді болатынын түсіндіреді. Сонымен қатар шетелдердегі агенттер жас футболшылардың мансабын жіті бақылайды және ортаңқол, гранд клубтардың өкілдерін, скауттарын шақырып, талантты аяқдопшыларының ойынын көруге жағдай жасайды. Клубтың құрамына кіруге, Халықаралық футбол қауымдастығынан, ФИФА-дан рұқсат алу немесе бір клубтан екіншісіне ауысуға байланысты барлық құжатты рәсімдеуге көмектеседі. Сол үшін өзіне тиісті еңбегін алады. Ал бізде ше? Бізде бәрі басқаша. Толығырақ спорт мамандары айтып берсін.

**Құралбек ОРДАБАЕВ, Қазақстан футболының ардагері:**

– Қазақстан чемпионатындағы отандық футбол агенттерінің шетелдік агенттермен салыстырғанда деңгейі өте төмен. Біздегі мамандар клубтармен келісімшарт жасасқанда тек футболшының жағдайын ойламайды, бірінші кезекте өзінің бас пайдасын да ойлап тұрады. Клубтың басшыларымен келісімшартқа қол қоярда бәрін өз жағына шешкісі келеді.

Отандық агенттердің келісімшарттағы үлесі – 15-20 пайыз. Негізінде УЕФА-ның, ФИФА-ның ережесі бойынша, олардың үлесі 5-10 пайыздан аспауы керек. Осыдан-ақ жағдайды бағамдай берсеңіз болады.

Қазіргі таңда біздің біріншілікте жүрген агенттердің басым бөлігі шетелдерден екінші деңгейлі немесе жастары отызға келген, отыздан асқан футболшыларды шақыртып алуға құмар. Олар кейін ішкі біріншілікте де жыл сайын команда ауыстырып жүріп алады. Бұдан кейін қазақ футболы қалай дамиды? Тек қана «Қайрат» футбол клубының скауттары, агенттері клубтың дамуын, клубқа пайда келтіру жағын бірінші орынға қояды.

**Айдын ҚОЖАХМЕТ, спорт журналисі:**

– Шетелдің чемпионатына ауысқан алғашқы ойыншылардың бірі – Әли Әлиев. Болгариялық агент Владимир Коев футболшыны Түркияның клубтарына ұсынды. Әли 6 жылдың ішінде 5 командада ойнады. Соның бәрін болгариялық агент жүзеге асырды.

Біздің елде агенттің екі түрі бар. Соның бірі – уақытша агенттер. Қыс уақытында командалар құрамын өзге ойыншылармен толықтырады. Агент маусымның басында не ортасында кез келген футболшыға ұсыныс тастайды. «Сен менімен келісімшартқа қол қой. Қыстан кейін жаңа команда тауып беремін» деп уәде береді. Команданы іздеп, ақшасын келістіріп беретін солар. Футболшыны өзге клубқа өткізгеннен кейін гонорарын алып, жөніне кетеді. Еуропада ондай агенттер аз. Көбінесе ойыншымен жақын қарым-қатынас орнатады. Олар ойыншыларға тек келісімшарт жасауға ғана емес, барлық жағынан көмектеседі. Жарнама келісімшарттарын, бәрін қадағалап жүреді. Бізде ондай агенттер жоқтың қасы.

Қазақстандық агенттер елімізде көп емес. Оннан аспайды. Отандық клубтарды шет елдік агенттер жаулап алғаны рас. Сарапшылар пікірі осыған саяды. Сербия, Ресей секілді мемлекеттен келген агенттердің табысы негізі келісімшартта 10 пайыз болуы керек. Айына 10 мың доллар алатын жалақы жасап беретін болса, жылына 120 мың доллардың 10 пайызын ойыншыдан емес, келісімшарт жасасқан клубтың өзінен алуы тиіс. Агенттер ойыншыдан да, клубтан да ақша алуды мақсат тұтады. Ақшаның мөлшерін көбейту үшін менеджерлермен өздерінің жеке келісімшарттары болады. Яғни, қосымша тағы да табыс табады. Демек, бір сөзбен айтқанда, Қазақстан футболына агенттердің пайдасынан зияны көп болып тұр.

Мәселен, бір клубты алатын болсақ, бір командада агенттің үш-төрт ойыншысы болады. Бапкермен қарым-қатынасы дұрыс болмаса, сол клубқа өзіне жақсы таныс басқа жаттықтырушы әкелгісі келеді. Ол үшін ойыншыларға «бапкерді кетіруге тырысыңдар» деп тапсырма береді. Клуб басшылығына шағымдануын сұрайды. Сөйтіп, команда тізгінін ұстаған бас бапкер аз уақытта қызметінен кетеді. Ал клубқа келген агентке таныс жаңа жаттықтырушы командаға сол адамның ойыншыларын алдыртады. Осы жайттар Қазақстан футболының ілгерілеуіне кесірін тигізіп отыр.

# «АЛТЫН БЕЛБЕУ» ИЕГЕРІ АНЫҚТАЛДЫ



**«Евразия» спорт кешенінде қазақ күресінен XIII облыстық «Алтын белбеу» сайысы өтті.**

Өңіріміздің барлық аймағынан құралған 9 командадағы 200-ден аса балуан өзара кім мықтыны анықтады. Жарыстың ең үлкен көрінісі түйе балуандар арасында өтті. 16 балуан «Алтын белбеу» үшін талас жүргізіп, боз кілемде барын салды. Жарыс нәтижесінде Жұмахан Сағыныш қола жүлдені иеленіп, «Сыр сұңқары» атанса, Нұрым Сәлімгереев 2-орынға табан тіреп, «Сыр арланы» деген атаққа ие болды. Ал Мақсат Исағабылов қарсыластың барлығын шаң қаптырып, «Сыр барысы» болды.

Алтын мен күміс жүлдені иеленген Мақсат пен Нұрым 3 шілдеде Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президенті жүлдесі үшін өтетін «Қазақстан Барысы» республикалық турниріне жолдама алды.

# «ҚАЙСАР» «ҚЫРАНДЫ» ЖЕҢДІ



**Қызылордалық «Қайсар» жетінші турда сырт алаңда «Қыранмен» кездесіп, 3-1 есебімен жеңіске жетті.**

Турнирлік кестеде қатар келе жатқан қос команданың матчы қарқынды басталды. «Қасқырлар» кездесуде алғаш болып есеп ашты. Руслан Сахалбаев Константин Горизановтың берген пасын ұтымды пайдаланып, гол соқты.

Ойынның екінші жартысында алаң иелері бұрыштамадан таразы басын теңестірді. Алайда 82-минутта сұрмерген Мамаду Диалло көзге түссе, 90-минутта Елжас Алтынбеков кездесудің нүктесін қойды. Қорытынды есеп – 3:1!

7 турдың қорытындысы бойынша Әбілдаев шәкірттері 19 ұпай еншілеп, турнирлік кестедегі көш басындағы орнын сақтап қалды.

# ХОККЕЙДІҢ ЖАҢА ЧЕМПИОНЫ



**Хоккейден Финляндия құрамасы әлем чемпионы атанды. Олар финалдық кезеңде канадалықтарды қосымша уақытта жеңді.**

Финляндияның Тампере қаласында өткен кездесудің негізгі уақыты 3:3 (0:0, 0:1, 3:2) есебімен аяқталды. Алаң иелері сапында Микаэль Гранлунд (45 және 46-минуттар) дубль жасады, Йоэль Армия 55-минутта тағы бір шайба соққан. Канадалықтардан Дилан Козенс (25), Зак Уайтклауд (58) және Максим Комтуа (59) көзге түсті.

Овертаймдағы жеңіс голын 67-минутта Сакари Маннинен соқты. Финляндия құрамасы тарихта төртінші рет әлем чемпионы атанды. Финдер қазіргі Олимпиада чемпиондары.

Канада мен Финляндия құрамалары әлем чемпионатының финалында осымен үшінші рет ойнады. Өткен жылы канадалықтар қосымша уақытта – 3:2 есебімен жеңіске жетсе, 2020 жылы пандемияға байланысты турнир өткізілмеді, 2019 жылы финдер 3:1 есебімен жеңген еді.

## Самал Мәліққызы, дзюдодан дүниежүзілік гимназия ойындарының жүлдегері:

# «ЖАРАҚАТ ЖОЛЫМДЫ БАЙЛАДЫ»



**Таяуда Францияның Нормандия қаласында дүниежүзілік гимназия ойындары өтіп, Сыр спортшылары ел мерейін асқақтатты. 70 елден 4000-нан аса спортшы бақ сынаған байрақты бәсекеде дзюдошы Самал Мәліққызы да сайысқа түсіп, қоржынға қола жүлдені салды. «Кәрі құрлықтан» Қызылордаға жеткен жеңімпаз жарыстың деңгейімен бөлісті.**



**– Самал, Франциядағы жүлдеңіз құтты болсын! Қола жүлде оңай келмеген болар...**

– Иә, Франциядағы жарыс қызық болды. Жарыс басталмас бұрын дәстүрге сәйкес жеребесі өтті. Жеребенің нәтижесіне орай сегіздікке ендім. Сегіздікке ену дегеніміз – алғашқы белдесуде есе жіберген дзюдошының жұбаныш кездесуге қатысып, қола жүлдеге талас жүргізе алатынын білдіреді. Бірақ мен мұны естен шығарып, алтын үшін келгенімді байқатқым келді. Бірақ бұл ой жүзеге аспай қалды. Жарыстың алғашқы белдесуінде алаң қожайындарымен күш сынасуға тура келді. Бірінші белдесу болған соң аздап абдырап қалғанымды жасырмаймын. Оның үстіне Францияға жарақатпен келдім. Алматы қаласындағы оқу-жаттығу жиындарының бірінде тобығымды ауыртып алдым. Тобық – біздің спортта маңызды рөл атқарады. Өйткені әдіс тәсілде аяқпен көп жұмыс істейміз. Францияға түсе салысымен бейжай қараған тобығым ісіп, жүруге мұрша бермеді. Ел сенім артқан соң үкілеген үмітті ақтауыма тура келді. Татамидегі тұңғыш белдесу өкінішке қарай жеңіліспен аяқталды. Қола жүлде үшін мүмкіндігім болғанымен, көңіл күйім құлазыды. Бапкерім Рамазан Мұстафаев қолдау сөзін арнап, жарысқа қайта желпіндірді. Осылайша қайта күш жинап, жұбаныш белдесуінде түрік қызын, қола жүлде үшін таласта Испания өкілін ұтып, жүлдегерлер қатарынан көріндім.

**– Жеке бапкеріңіз Рамазан Мұстафаев нәтижеге көңілі толмаған секілді...**

– Енді әр бапкер шәкірттің шамасын біледі. Менің алтын алуыма физикалық тұрғыдан мүмкіндігім мол болды. Өйткені жыл басынан бері татамиден алшақтаған жоқпыз. Әлемдік жарыстардың түр-түрінде бақ сынап, жүлдеге іліктік. Францияның алдында Алматы қаласында 2 оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Тәжірибе алмасу мақсатында түрлі спарингтер болды. Соның бәрін қорытындылай келгенде кем дегенде күміс жүлдеге ілінуім тиіс еді. Алайда жарақат жолымды байлады.

**– Енді денсаулық жайын реттейтін шығарсың?**

– Кәсіби спортшыда уақыт кемшін болады. Қызылордаға келе салысымен сынықшыға барып, тексерілдім. Тобығым шығып кеткен екен. Дәл сол жарақатпен жүргеніме 1 айдан асыпты. Мұны естігенде өзімде аң-таң болдым. Қазір жағдайым аздап дұрысталған секілді.

**– Жыл басынан бері түрлі жарыстарда бақ сынадың. Бапкерлерің тынығуға мүмкіндік бермей ме?**

– Бізде демалыс деген мүлде болмайды (күліп). Бүгін Көкшетау қаласына бағыт алып барамын. Онда ұлттық құраманың кезекті оқу-жаттығу жиыны өтеді. Сондай-ақ маусым айыныі бел ортасынла Грузияға аттанып, халықаралық деңгейдегі мықты дзюдошылармен тәжірибе жинақтаймыз. Шілде айында Гонгконгта жаһандық жарыста ел намысын қорғаймын. Осылайша күнтізбем тығыз болғандықтан демалысты ысырып қойғанымыз абзал.

**– Сәттілік!**

**– Рақмет!**

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

# ТРЕНДТЕГІ ТОП МАМАНДЫҚТАР: АГРОНОМ СҰРАНЫСТА




Қазір дипломды сандыққа салатын уақыт емес. Университет немесе колледж оқысам болды дейтін түсініктің де қате екені рас. Сондықтан жеті рет өлшеп, бір кескен жөн. Осы орайда түлектер үшін арнайы трендтегі мамандықтар топтамасын жасақтаған едік.

**Мұғалім.** Баққаңыз, сұраныстағы мамандықтардың алдында. Себеп те жоқ емес. Ұстаздардың абыройы артып, дәрежесі көтерілді. Онлайн сабақ кезінде ата-ана мұғалімнің қадірін түсінді. Одан бөлек жалақылары ай сайын артып тұрады. Тіпті әр кез 20-30 пайыздан жоғарылап келеді. Осыдан кейін көбісі сырттай болсын екінші мамандыққа түсуге құмартты. Десе де талап аз емес. Сондықтан жалақы артты деген түсінікпен емес, бұл жолға білім саласының артуына үлес қосамын деген ниетпен қадам басу керек.

**Логист.** Заманауи әлем бизнеске көбірек талап қояды, олардың бірі – жұмыс процесінің жылдамдығы. Сондықтан логистика мәселесінде компанияларға жоғары ұтқырлық қажет. Оларды шахмат фигураларының орнын шебер жылжытатын гроссмейстермен салыстыруға болады. Табысты мансаптық өсу үшін логистке математика, құқық, технология және менеджмент бойынша білім қажет.

**Дәрігер.** Келесі сұраныстағы маман – дәрігер. Жасыратыны жоқ, пандемияның салдары дәрігерлердің жұмысын арттырып, күні-түні жұмыста жүруге мәжбүрледі. Сол сәтте олардың еңбегі бағаланып, жалақысы артты. Бұл мамандықты таңдаушылардың көбейгеніне сеп болды. Бүгінде «дәрігер болғым келеді» дегеннен гөрі «жалақысы көп қой» деген нұсқаны көп кездесті белгілі. Сондай-ақ дәрігер болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Мұны да ескерген жөн. Медицина адам жанының арашасы болатын, қауіпті де жауапкершілікті қажет ететін сала болғандықтан тәуекелге бел буарда асықпай ойланған дұрыс.

**Химик.** Egov.kz хабарлағандай, химия – инновация және болашақ туралы ғылым. Қазба байлықтарының біртіндеп сарқылуы қазірдің өзінде бүкіл әлемде сезілуде. Мұнай мен газға тәуелді Қазақстанның энергетикалық кешені де бұл мәселені айналып өтпейді. Алдағы энергетикалық дағдарысты шешу жолдарын табу, баламалы энергияны пайдалануды жақсарту және нанотехнологияны дамыту қазіргі химиктердің қолынан келетін істердің толық тізімі емес.

**Құрылысшы.** Жақында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құрылыстағы мердігерлермен кездесіп, тұрғын үй және жол салу жұмыстарын саралады. Бұл жаңалық өңірдің өзінде құрылыс саласында білім алатын студенттердің жұмыссыз қалмайтынын аңғартса керек. Статистикаға көз жүгіртсек, 2025 жылы қала халқының үлесі 77 пайызға дейін артады. Қарқынды дамып келе жатқан жаңа мегаполистерді жобалау, салу және оған қызмет көрсету үшін жайлы қалалық ортаны құра алатын мамандар тобы қажет. Мемлекет пен жеке құрылыс компанияларының аймақтардың кешенді дамуы: көлік, әлеуметтік сала, инвестиция тарту бойынша мамандарға сұранысы артады.

**Аспазшы.** Мамандықтың сұраныста екені барлығымызға белгілі. Әлеуметтік желілерде аспазшы керек деген хабарландырудан көз ашпайсың. Қазіргі таңда аспазшылардың табысы жоғары. Той-томалақта да дастарханның сәнін келтіріп, түрлі тағамдармен жайнатып қоятындардың қалтасы қалыңдады. Осылайша аспазшы болғысы келетіндердің қатары артты. Әлеуметтік желілер арқылы түрлі курстар шықты. Курстардан өтіп-ақ, табыс тауып жатқандар қаншама?! Фаст-фуд өнімдеріне сұраныс артты. Суши, пицца, донер жасаушылардың да жалақысы әжептәуір. Жігіттердің көбісі аспаз болуды меңгеріп алды. Сондықтан аспазшы мамандығын бүгінде бойжеткендер ғана оқу керек деген қағида жоқ.

**Дәнекерлеуші.** Еңбек нарығында тәжірибелі дәнекерлеушіге қажеттілік жоғары. 850 мың теңгеге дейін мұнай құбырында немесе мұнай-газ өндірісінде табыс табуға болады. Машина жасау сияқты басқа салаларда да дәнекерлеуші өзіне ыңғайлы жұмысты еш қиындықсыз табады.

**Эколог.** Эколог тапшы. Мұны жоққа шығара алмаймыз. Бұл мамандықта білім алып, бірақ басқа салада жұмыс істеп жүргендер жетерлік. Бұл жалақының аздығынан болуы мүмкін. Бірақ қиындықтың орны толды. Енді экологтарға сұраныс артады, бұл ластану сияқты экологиялық проблемаларды шешуде кәсіби экологтардың қажет екендігін білдіреді.

**Агроном.** Агроном – Қазақстанда 2022 жылы сұранысқа ие мамандық. Құрғақ климатқа қарамастан Қазақстан Орталық Азиядағы ең ірі астық өндіруші ел. Олардың агрономдардың иығында ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру, зиянкестермен күресу әдістерін жасау, егіске топырақ дайындау және басқа да ауыл шаруашылығы мәселелерін шешу міндеті тұр.

**IT-мамандары мен компьютерлік аппараттық қамтуды әзірлеушілер.** Барлық шаруаның компьютер арқылы бітетінін ескерсек, программист мамандығы үлкен сұраныста. Қазір қағаз бен ақ парақты қолданушылар саны аз. Жаңалық күн санап көбейіп келеді. Біз оның барлығын сайт арқылы біліп отырмыз. SMM маманы болып, сайт жүргізу арқылы олжаға кенелесіз. Десе де бұл саланы толық меңгеріп алу қажет. Сонда ғана жұмыс жанданып, оқырмандар саны артады. Қарап тұрсаңыз, бұл саладағы үздіктер алдағы уақытта таптырмас маманға айналады.

**P.S.** *2022 жылы Қазақстанда ең танымал мамандықтар жаһандық экономикадағы үрдістерді көрсетіп отыр. Тізімнен өзіңізге ұнайтын мамандықты таңдап, сұранысқа ие маман атаныңыз!*

**Жинақтаған**
**Мөлдір САБЫРЖАН**

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

## „АЛТЫН САҚА" ОБЛЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

**Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды. Бүгінде өтінім санының артуына байланысты байқау қорытындысын жариялау 1 айға шегерілді.**

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

**1.БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ**

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырады

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

**2. Байқау шарттары мен тәртібі**

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz @mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

**3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:**

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді.Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылу керек. Қаріп – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ еніне тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титулды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілу қажет.

**4. Қорытынды**

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары шілде айында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.



# JULDYZ – JORAMAL

**(3 – 10 маусым)**

**Тоқты**
Адамдармен танысу сіз үшін пайдалы болмақ. Сондықтан мұндай мүмкіндіктерден бас тартпаған жөн. Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай алға қадам басыңыз.

**Торпақ**
Достар тарапынан жаңа мүмкіндіктер ашуға қолайлы ұсыныс түсуі мүмкін. Егер сіз өзіңіздің алғыр да әділ қасиеттеріңізді мейлінше көрсете білсеңіз, жақсы жетістіктерге қол жеткізуіңіз мүмкін.

**Егіз**
"Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт" демекші, кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алға жылжуы мүмкін. Сондықтан бәріне түсіністікпен қараған абзал.

**Шаян**
Апта қарбаласқа толы болмақ. Тіптен оқиғаның бірінен кейін бірі орын алып жатқанына таң қалуыңыз да мүмкін. Жіберген қателіктеріңіздің жазасы деп есептеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн.

**Арыстан**
Абайлаңыз, отбасыңызда түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Жақындарыңыздың жаман жағын емес, жақсылығын көре білгеніңіз дұрыс.

**Бикеш**
Денсаулығыңызға қараңыз, өзіңізді күтіңіз. Махаббатта жолыңыз болады. Алтада жоспарларыңыз сәтті жүзеге асады.

**Таразы**
Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындайды. Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткізі келсе, сабырлық таныту қажет. Табандылығыңыз дәрежеңіздің өсуіне себепкер болады.

**Сарышаян**
Өміріңізде үлкен өзгеріс болғалы тұр. Тек жақсы жағынан. Қашанда байыппен қарап, күте біліңіз.

**Мерген**
Махаббатта жолыңыз болады. Жалғыз жүрген жандар серігін іздеуде асқан белсенділік танытады.

Әртүрлі саладағы адамдармен оңай тіл табысып, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылады.

**Тауешкі**
Орын алған жайттардың бәрі жақсы болып көрінгенмен біршама қиындықтар туады. Ісіңіз ойдағыдай болмауы мүмкін. Сондықтан ойланып әрекет жасаған абзал.

**Суқұйғыш**
Апта жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Алайда аяқсыз қалған жұмыстарыңызды ойлап бас қатуы мүмкін. Жақындардың көмегінен бас тартпаған жөн.

**Балық**
Апта басында қиын мәселелермен беттесуіңіз мүмкін. Оның шешімін тек қана қолдаушыларыңыз бен бедеді таныстарыңыз ғана шеше алатынын естен шығармаңыз.

Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакциянің компьютер орталығында терiлiп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
**e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com**
**Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz**

**Таралымы: 8059**
**Тапсырыс: 885**

Концевые сноски